# БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 4 (166), 2022
Сәуір
Апрель

**2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно**

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал**
**Республиканский научно-методический педагогический журнал)**


## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ


**А. Даткина**
Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша бастауыш сыныпта қолданылатын әдіс-тәсілдер ........ 3

**Н. Балтабаева**
Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін арттыруда тренинг жаттығуларын қолдану ........ 6

**С. Жайлаубаева**
Критериалды бағалауды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ........ 8

**Г. Шагалинова**
Формирование картографической грамотности учащихся на уроках истории ........ 12

**Г. Илюбаева, Т. Шейко, Ю. Белова, Е. Риттер**
Как развить навыки прогнозирования через анализ разных видов информации ........ 16

**Ж. Таңатқанова**
Халифа Алтай шығармаларының жанрлық, тақырыптық сипаты ........ 19

**Қ. Молдасан, Б. Әрінова**
Тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудің мәні ........ 23

**Р. Ермағамбетова**
Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы ........ 26

**Т. Сахаба**
Дене шынықтыру сабағындағы пәнаралық байланыс ........ 28

**Р. Кіршібаева, З. Дуйсенгалиева**
Д. Исабеков «Әпке» драмасы. Тарихи және көркемдік ерекшелігі ........ 30

**А. Рысқұлова**
Б. Майлин «Шұғаның белгісі» хикаяты. Шұға мен Әбдірахманның армандары ........ 32

**М. Теңізбаева**
Мектепке оқуға баланың психологиялық даярлығын анықтау тәсілдері ........ 36

**Т. Хамидуллина**
Электр тогы, электр тогы көздері ........ 39

**Н. Бекмурзаева**
Қазақтың дастарқаны. Мақсат үстеулері ........ 43

**А. Тулекенова**
Түрлі-түсті моншақтар ........ 46

**Н. Рысбекова**
Түрлі-түсті жапырақтар ........ 47



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**
**«Педагог LTD» ЖШС**

Редактор:
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

**БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
**журналы**

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 20.04.2022 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488



**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.:
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
**pedagog-ltd@mail.ru**



Журнал «Rado Print» баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат Раймқұлова**

# Редакциялық алқа:
# Редакционная коллегия:

**Н. Омашев** — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

**Ә. Дүйсебек** — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

**А. Миразова** — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.



**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»
Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК. Свидетельство №10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 20.04.2022 г.
Печать цифровая.
Заказ 322.

Подписной индекс: 75488



Адрес редакции:
050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
Моб.т.: 8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru**



Журнал напечатан в типографии «Rado Print».
Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А


## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

## ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.


Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

# Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша бастауыш сыныпта қолданылатын әдіс-тәсілдер



**Акжунус Кенжебаевна ДАТКИНА,**
**«№10 жалпы білім беретін мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі.**
**Теміртау қаласы, Қарағанды облысы.**

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс.

Бастауыш мектеп балаға білім ғана беріп коймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оку, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру – әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан. Біздің міндетіміз – оқушыларға білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану, білім сапасын көтеру, жан-жақты дамыту.

**Әдіс-тәсілдердің түрлерін 6 кезеңге бөліп талдаймыз:**

Тыңдалымға арналған әдістер;

Айтылымға арналған әдістер;

Оқылымға арналған әдістер;

Жазылымға арналған әдістер;

Сабақты қорытындылауға арналған әдістер.

**Сабақты бастауға арналған «стартер» әдістер.**

Сабақтың бас кезінде оқушылардың көңіл күйін көтеріп жіберу үшін және бір-біріне бойларын үйрету үшін «стартер» деп аталатын әдіс-тәсілдердің кейбірін қолдануға болады. Бұл әдістерді қолданғанда мұғалім өткен тақырып бойынша тапсырма берген дұрыс, сонда оқушылардың өткен сабақтағы білімін тез және оңай жолмен байқауға болады. Мысалы «Ұшақ ұшыру», «Қар кесегі», «Артығын алып таста», «Сәйкестендір», «Сөйлемді толықтыр», «Жоқ сөздерді тап», «Ыстық орындық», «Домино», «Білім ағашы», «Жұбын тап», «Карта», «Пазл» т.б. Көптеген әдістерді қолдану арқылы өткен сабақты қаншалықты меңгергендігін байқау қиын емес. Бұл әдістер кәдімгі үй жұмысын сұрау. Яғни балалар ойнап отырып үй жұмысын толықтай айтып береді.

**Тыңдалымға арналған әдістер**

Тыңдалым дегеніміз – өте маңызды тілдік дағдыны қалыптастырады. Оқушылардың тыңдалым дағдысын шыңдау арқылы тіл байлығын арттыруға қол жеткізуге болды. Тыңдалымға ау-

дио, видео, лекция, сұхбат, т.б. жұмыс түрлерін қолдануға болады. Бұдан басқа көптеген әдіс-тәсілдерді келтіруге болады. Мысалы: «Автор орындығы», «Жұппен диктант», «Концерт көру», «Көріністер», «Монолог», «Бейнебаян», «Сыдырма», т.б. Тыңдалымнан оқушылар ақпаратты түсінуге, болжай білуге, сұрақтарға жауап беруге дағдыланады және тілдік қоры дамиды.

**Айтылымға арналған әдістер**

Айтылым бірнеше мақсатта орындалады: қатысу үшін сөйлеу, түсіндіру үшін сөйлеу, өз білімін байқату үшін сөйлеу, бағалау үшін сөйлеу, т.б. Айтылым дағдысына үйрету де жоспарлы түрде жүзеге асуы қажет. Айтылымда баланың сөйлеу тілі дамиды, сондықтан әр сабақта айтылымға байланысты мынандай әдіс-тәсілдерді қолданған жөн: «Блиц кездесу», «Дебат», «Мен кіммін?», «Үш қадамдық сұхбат», «Шындық па, жалған ба?» немесе «Дұрыс па, бұрыс па?», «Егер мен...», «Серпілген сауалдар», «Ақылдың алты қалпағы», «Қар кесегі», «ДЖИГСО», «Ыстық орындық», «Ақ терек, көк терек», «Сандық логика».

**Оқылымға арналған әдістер**

Оқылым белсенді немесе бейтарап болуы мүмкін. Яғни әңгімені түсініп оқу немесе көз жүгіртіп оқу. Бастауыш сыныптарда оқу жылдамдығын арттыру да бар. Ол жүгіртіп оқуға жатады. Мәтін ішіндегі цифрды немесе бір маңызды даталарды тауып алуда жүгіртіп оқу жүзеге асады. Ал мәтіннің мазмұнын айту үшін оқуда түсініп оқу жүзеге асады. Оқылым бөліміндегі әдіс-тәсілдер мәтін бойынша сұрақтар қоя білуге, мәтіннің идеясын, құрылымын анықтауға, мәтінге анализ жасауға негізделеді.

**Жазылымға арналған әдістер**

*Оқылымға мынандай «Бір мәтінмен жұмыс» әдісі тиімді: сыныпты бірнеше топқа бөлеміз.*

*Бірінші топ – әңгіменің мазмұнын айтады.*
*Екінші топ – әңгімені зерттейді (мысалы антоним, синонимді табады)*
*Үшінші топ – жоғары деңгейлі сұрақтар құрастырады*
*Төртінші топ – әңгіме бойынша сурет салады*
*Бесінші топ – әңгімеге байланысты өлең құрастырады.*

*Сыныпта бала саны аз болса жұптарға бөлген де дұрыс немесе кейбір тапсырманы алып тастап өзіңіз қажет деп тапқан тапсырмаларды қосуыңызға болады.*

Жазылым әр сабақта жүзеге асатын қалыпты жұмыс. Оқушылар жазылымды күнделік толтырғанда, сынып және үй жұмысын орындағанда да, сондай ақ құттықтау, эссе жазу, хат жазу сияқты жұмыстарды орындағанда да қолданады. Жазылым кезінде қатесіз жазу, оқып алып жазу немесе өз ойынды жазу, суретке қарап жазу және естігенді қарап жазу сияқты бірнеше түрлері бар. Жазылымға сөздік және диктанттары, шығармалар, т.б. жатады. Жазылым үшін әр балаға сыныптағы оқушылардың фотоларын таратып, сол оқушы туралы қысқаша әңгіме жазуға тапсырма берген өте қызықты болады. «Аялдама» әдісімен де жазылымды ұтымды әдіс қолдануга болады: автобустың артына сөйлемдерді жалғастырып мәтін құрастыру ойынын өткізу тиімді.

**«Пазл» әдісі**

Әдебиет сабағына арналған пазлдар. Балаларға құрастыру үшін қиылып беріледі (кез келген пәнге арнап жасап алуға болады)




**«Түймедақ» әдісі**

Логикаға арналған тапсырмалар (барлық пәндерге қолдануға болады). Суреттердің астындағы жеке дөңгелектерді қиып немесе барлық дөңгелектерді қиып бергенде бала қайсысын қай жерге орналастыруды табады.

Сабақ барысында аталған әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушының бойында өз-өзіне сенімділік ұялатады, өзге балаға қарап бой түзеуге ұмтылады, өзгені үйрете отырып, өзі көп нәрсені үйренеді, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады. Қазіргі заман талабына сай өсіп келе жатқан жеткіншек жаңаша көзқарасқа тым жақын. Сондықтан оқушы қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз жөн. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.



**Сабақты қорытындылауға арналған әдістер**

Қорытындылауға арналған әдіс-тәсілдердің бір артықшылығы мұғалім бөлім біткенде оқушылардың білімді қаншалықты меңгергендігін байқай алады. «Пирамида» әдісі соның бір айғағы. Бұл үшін мұғалім үйде тыңғылықты дайындалып келуі қажет. Яғни бөлімдегі тақырыптарға байланысты көптеген суреттер дайындайды. Суреттерді жеке-жеке қиып үстел үстіне жайып қою керек. Әр оқушы өзіне ұнаған 4 сурет таңдап алады. Содан соң жұптасып екі оқушы суреттерін қосып ішінен 4 срет таңдап алады. Енді бұл жұп басқа жұппен бірігіп тағы да суреттерін қосып ішінен 4 сурет таңдайды. Таңдалған 4 суреттен мазмұны бар, қызықты постер құрады да тақырып қойып бір әңгіме немесе ертегі құрастырып шығарады.

Қорыта келе айтарым, білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – бастауыш сынып, сондықтан осы жаңа технологияларды пайдалана отырып, бастауыш сыныптарда білім сапасын көтеру аса маңызды.

# Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін арттыруда тренинг жаттығуларын қолдану



**Назгуль Садуахасовна БАЛТАБАЕВА,**
**«№10 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.**
**Теміртау қаласы, Қарағанды облысы.**

Қазіргі әлемдік ауқымды қайта құрулар, жедел ақпараттандыру, білім саласындағы өзгерістер адамзат қоғамы алдында білім сапасын арттыру қажеттілігін туындататыны анық. Оқу үрдісінің тиімділігін арттыруда жаңа технологияларды қолдану орын алған.

Бұл оқушының логикалық, шығармашылық потенциалын арттыру, жас ұрпақты жаңа қоғам жағдайына өмір сүруіне дайындау мақсатымен ұштасып жатыр. Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандыру процесі жүргізілуде.

В. Давыдовтың «Бастауыш сынып оқушысының психологиялық дамуы» еңбегінде: «Оқыту үрдісіндегі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру өзіндік мақсат емес, ол белсенді тұлғаны тәрбиелеу құралдарының бірі» делінген.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін арттыруда тренингтік жаттығуларды қолдану мақсаты оқушылардың қисынды ойлауын дамытумен қатар, оларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулуды көздемек. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар мен жаттығулар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар мен жаттығулар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

1. Қызығушылығын арттыру;
2. Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
3. Шығармашылық ізденісін дамыту.

Оқушының логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру, тіл үйрену үстінде дамиды. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау операцияларын жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Оқушылардың ойлауын дамыту ойлау операцияларын меңгеруіне байланысты. Ендеше, оқушыларға тапсырмалар бергенде таңдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар логикалық ойлауын дамытатындай болуы керек. Мысалы, сөздік-логикалық ойлаудың дамуына мынандай жаттығулар көмектеседі: «Артығын

анықта» әдістемесі. Баланың маңызды бөліктерді бөліп көрсету, жалпылай білу дағдысын көрсетеді. Бұл әдістемені қазақ тілі, дүниетану сабақтарында бекіту, қайталау кезеңдерінде қолдануға болады. Тапсырманы сурет не заттай немесе жазбаша түрде ұсынуға болады. Атап айтсақ, «Сөз таптарын» өткенде балық, қоян, қызыл, тас (Жауабы: қызыл – сын есім. Өйткені, балық, қоян, тас – зат есім) Жүгірді, жылады, бала, ұшты (Жауабы: бала – зат есім. Өйткені, қалғаны – етістік).

Дүниетану сабағында:.

1. Қызғалдақ, сарғалдақ, бидай, бәйшешек, раушангүл;

2. Емен, қарағай, қайың, жусан, терек;

3. Жылқы, сиыр, түлкі, түйе, қой.

Бұл тапсырманы анаграмма түрінде де қолдануға болады. Мысалы,

Амал (алма);

Ларұмт (алмұрт);

Арна (анар);

Рабқзы (қарбыз).

Ойлаудың талдау және жинақтау операцияларын дамыту үшін «Жинақтау» әдістемесі тиімді. Ұсынылған сөздерді жалпылайтын сөз немесе сөз тіркесін атау:

1. Қазан, қараша -
2. Сазан, шортан -
3. Жаз, күз -
4. Емен, қайың -
5. Қияр, қызанақ -
6. Құмырсқа, қоңыз -
7. Шкаф, диван -
8. Ағаш, гүл -
9. Балта, балға -
10. Қасқыр, түлкі -

Сонымен қатар ойлау әрекетін дамытатын тәсілдерді ойын түрінде қолдануға болады.

Мысалы:

«Керісінше айт» ойыны. Бұл ойында қарама-қарсы мағыналы сөздерді өткенде пайдалану тиімді. Мысалы, толық – жіңішке, қара – ақ, ыстық – суық, бос – толы, т.б. «Ұқсастық пен айырмашылық». Оқушыларға әр түрлі заттар мен ұғымдарды салыстыру ұсынылады. Бастауыш сынып оқушыларына өздеріне таныс заттар: сүт пен су, сиыр мен жылқы, ұшақ пен поезд (сурет түрінде ұсынуға болады). Ересек балаларға тапсырманы күрделі түрде: таң мен кеш,табандылық пен қыңырлық, т.б. Дұрыс жауаптар, қателіктер, ұқсастық пен айырмашылық ара қатынасы, басым белгілер, т.б. айқындалады.

«Басқа қырынан таны». Белгілі бір заттың басқа қырын ашу. Мысалы, сіріңке тек жанып, жарқырап қана қоймай, пішіні мен салмағы жағынан кішірейеді. Оқушыларға қарапайым заттардың: полиэтилен қақпақ, пенопласт, т.б. ерекше қасиеттерін ашу, анықтау ұсынылады. Ерекше жауаптар ескеріледі және ұсынымдарды талдауға да, пікірталас ұйымдастыруға да болады.«Ұқсастықтар іздеу». Белгілі бір зат немесе құбылыс айтылады, мысалы,«тікұшақ». Әр түрлі нақты белгілер бойынша тікұшаққа ұқсас заттарды жазу. Ұқсас заттарды қасиетіне қарай топтап жазуға да болады. Мысалы, «құс»,«көбелек» (ұшады, қонады), «автобус», «поезд» (көлік), т.б. Бұл тапсырма заттардың қасиеттерін анықтау, оларды белгілер бойынша жіктеуге арналған.

«Заттың қолдану тәсілдері». Жақсы танымал бір сөз беріледі, мысалы:«кітап». Заттың қалыптан тыс неғұрлым көп қолдану аясын айту керек. Кітапты оқиды, бір нәрсенің астына қоюға болады, қажетті қағаздарды көзден таса зат ретінде жасыру мақсатында қолдануға болады, т.с.с. сондай-ақ, тіс щеткасы, тоқыма сымы, т.б. ұсынуға болады.

«Заттардың қасиеті». Жүргізуші: «бұл доп «апельсин». Қазір біздер допты бір-бірімізге лақтырып, оның қандай апельсин екендігін атаймыз». Аталған сапаларды қайталауға болмайды.«Сөйлем құра». Өзара байланыспайтын 3 сөз алынады. Мысалы, «көл», «қарындаш», «аю». Осы сөздерден сөйлем құрау қажет. Жауап қарапайым (Аю көлге қарындашын түсіріп алды) немесе күрделі (Бала қолына қарындаш алып,-көлде шомылып жатқан аю суретін салды) болуы мүмкін. Соңынан ұнаған жауаптар талданады. Шығармашылықпен жазылған сөйлемдер мадақталады. «Артық сөзді тап». Кез келген 3 сөз беріледі. Осы сияқты әр түрлі жаттығуларды мұғалім ретін тауып оқу үрдісінде қолдана білсе, оқыту түрленеді, оның тиімділігі артады, оқушылардың ақыл-ойы жетіле түседі. Оқушыларға тапсырманы біртіндеп күрделендіре түссе, сонда логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса бастайды.

Осындай психологиялық тәсілдерді қолдана отырып, тренингтік жаттығулар орындату барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы артады, ой-өрісі дамиды, шығармашылық пен дарындылық пайда болады. Қорыта айтсам, оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың ойлау процестерін дамыту үшін жоғарыда ұсынылған тренингтік жаттығуларды ұйымдастыру қажет. Сондай-ақ, тренингтік жаттығулар оқушы білімінің деңгейін көтеріп қана қоймай, бір-бірімен жақындастырып, достыққа, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелейді; жүйелі ойлап сөйлеуге, сөздік қорын молайтуға, қиялын ұштауға жетелейді.

# Критериалды бағалауды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру



Самал Тырмабаевна ЖАЙЛАУБАЕВА,
«№10 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.
Теміртау қаласы, Қарағанды облысы.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, оқушының мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әр түрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше

білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған өздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

**Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:**

- Мектепте оқыту сапасын жоғарылату;
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- Сабақта әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;
- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;
- Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
- Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;
- Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге;

Критериалды бағалаудың маңызы:

Мұғалімдер үшін:

- Сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;
- Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;
- Сабақ берудің сапасын арттыруға;
- Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымды жоспарлауға;
- Бағалаудың әр түрлі әдістерін пайдалануға;
- Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге.

Оқушылар үшін:

- Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әр түрлі әдістерін пайдалануға;
- Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;
- Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;

Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;

Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары,топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT технологияларды қолдану дағдылары.

Критерийдің мазмұны:

Бағалау критерийлері – оқытудың мақсатын және арақатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама).

Дескриптор – жетістік деңгейінің сипаттамасы.

Критерийлер

Дескрипторлар

А. Білу және түсіну

Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту.Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту,болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу.

В. Қолдану

Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады.

С. Сыни ойлау және зерттеу

Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.

D. Коммуникация және рефлексия.

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қа-

лыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет.

Бастауыш сыныптарды бұлардың ішінде айтылған А, В, С критерийлерімен бағалауға болады. Мұндай бағалау бастауыш сынып оқушыларының өз деңгейлеріне сай келеді. Бастауыш сынып оқушылары өз беттерінше А, В, С критерийлері арқылы өз кемшіліктерін таба алады, дұрыстығына назар аударады. Бастауыш сынып оқушыларының білімін мұндай бағалау бастапқы кезде аздап қиындық туғызады. Бірақ келе-келе баланы қалыптастыруға болады. Бастауыш сынып оқушыларын критериалды бағалау жүйесінің жеңіл түрі алынады. Мұндай бағалау жүйесінде біз балаларды оқытуда жеке жұмыс, топтық жұмыс, ой қозғау, ББҮ кестесі (INSERT), топтастыру, рефлексия сияқты бірнеше әдістерді қолдана аламыз. Осындай әдістерді пайдаланған кездерде кейде мүлдем сабаққа қатыспайтын балаларымыз өздігінен қол көтеріп, аз да болса өз ойын айтып, аз да болса нақты екі үш сөйлем жазып, жеке жұмыс жүргізуге талпынады. Критериалды бағалау жүйесін әрбір сабақта тиімді пайдалануға болады. Әрбір жаңа сабақты оқытуда тек бір «А» критерийін алуға да болады. Өткен сабақтарды қайталауда «В» критерин алуға болады.

Сабақты қорытындылағанда «С» критерийімен бағалау тиімді. Бастауыш сыныптардағы оқытудың мазмұнында оқытылатын пәндер ерекше орын алады. Мұнда пәннің алдына қоятын ең негізгі мақсат, міндеттерінің бірі: оқушының оқу-танымдық әрекетін қалыптастыруды оқытудың жаңа технологияларын оқу үдерісіне еңгізудің маңызы ерекше. Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім мен шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды. Критериалды бағалау жүйесін құру үшін қалыптастырып, белгілейтін бағалау жүйесін дайындау қажет. Қазіргі жаңашыл ұстаз жаңа технологияларды өмірге енгізуге дайын, оқу-тәрбие ісіне жанашырлық танытатын, қоғамның ең озық бөлігінің бірі. Оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнына және ұйымдастырылуына комплексті тұрғыда қарайтын, зерттеушілік ыңғайға бейім, теория мен практика іс-әрекетін біріктіре білетін, өмірлік құндылық қағидалары адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық, парасатты мінез-құлық қасиеттерді бойына сіңірген ұстаз. Бүгінгі заман талабы – жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімдеу болып табылады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады.

# Формирование картографической грамотности учащихся на уроках истории

В статье описывается педагогический опыт по работе с условно-графической наглядностью – историческими картами на уроках истории Казахстана в средние века в 7 классе как наиболее сложного периода школьной программы; раскрывается понятие «картографическая грамотность» учащихся на уроках истории.

Наглядность на уроках истории формирует представления об исторических событиях, процессах. С привлечением наглядности создаются учебные ситуации, которые помогают развивать речевую активность,

пространственное мышление, формировать исторические знания о том или ином историческом периоде.

На уроках отечественной и всемирной истории педагогами используются виды наглядности: изобразительная (работа с мелом и доской, фотографии, рисунки, учебные картины, видео- и аудиоматериал, презентации, флипчарты); предметная (музейные экспонаты, макеты, модели); условно-графическая наглядность (карты, схемы и таблицы, понятийные карты).

Несомненно, одним из важных компонентов процесса обучения и средств наглядного обучения, который используется учителем на каждом уроке истории, является *историческая карта*. Использование карт позволяет обращаться к пространственной стороне исторического процесса. Историческая карта конкретизирует представления учащихся о событиях и явлениях, связывает их с определенными территориями; обращаясь к карте, мы изучаем географию исторического прошлого человечества, в том числе в плане взаимодействия и взаимовлияния природы и общества. Знание карты позволяет представить и понять географию народонаселения, сферы культурного влияния, народных движений, ареалы распространения изобретений, ремесла и торговли и другое.

Учителя, работающие в старших классах, сталкиваются с проблемой забывания учащимися исторического материала через очень короткое время. Поэтому в основе объяснения материала должны лежать карты. Сочетание хорошего, простого, понятного учащимся текста и качественных сопутствующих карт – это необходимый базис для успешного изучения истории.

Приведем ряд примеров использования исторической карты в учебном процессе на уроках истории в 7 классе (Казахстан в период средних веков как наиболее сложный раздел школьной программы по истории).

Все карты, иллюстрирующие конкретные положения, являются авторскими, педагогами выполнены самостоятельно.

Мы рекомендуем уже в 5 классе на-

учить учащихся создавать простые рисованные карты Казахстана, точнее, картосхемы, в основе которых лежат не его современные границы, а географические объекты: Каспийское море, Аральское море, озеро Балхаш и Семиречье. Такая работа с интересом выполняется индивидуально непосредственно в рабочих тетрадях. Учащиеся привыкают к ней, и в дальнейшем она не является для них сложной.

При изучении истории Казахстана в средние века становится ясно, что одной только картосхемой Казахстана не обойтись. Обязательно нужна карта Евразии, которая необходима уже при изучении отдельных тем в курсе истории Древнего Казахстана в 6 классе.

В период средневековья с востока на территорию современного Казахстана прибывают одно за другим племена – карлуки, кимаки, кыпчаки, кидани, найманы, монголы и т.д. Откуда и почему идет процесс передвижения племен? Довольно часто в учебниках 7 класса употребляются географические термины «Центральная Азия», «Кашгария», «Джунгария», «Монголия», «Маньчжурия», «Таримский бассейн», «восточный Тянь-Шань», «Гоби» и т.д. Но, при этом, в учебниках не дается им объяснения, а также отсутствует обозначение этих географических объектов на картах. От руки нарисовать учащемуся карту Евразии довольно сложно. Поэтому, в основе изучения истории домонгольских государств, по нашему мнению, должно быть знание карты Евразии, точнее говоря, узкой полоски




степей в её центре.

1. Карта Евразии

На *карте 1* показано место

Центральной Азии – внутренней части Евразии, не имеющей выхода к морю; другие части Евразии: Передняя Азия, Южная Азия, Восточная Европа,

Дальний Восток и т.д.

Все эти категории часто встречаются в учебниках, как истории Казахстана, так и всемирной истории. Зачастую даже выпускники не всегда понимают, где находится, например, Ближний Восток.




2. Карта Центральной Азии

*Карта 2* раскрывает следующее важное понятие «Центральная Азия», в которую входят территории: Казахстан, Средняя Азия, Восточный Туркестан, Тибет, Монголия, китайская провинция Ганьсу, полоска земли южной Сибири.

На *карте 3* показаны территории Казахстана и Средней Азии. Даже в 11 классе можно встретить учеников, которые затрудняются, где находится, например, Жетысу.




3. Карта Казахстана и Средней Азии




4. Карта границы лесов и степей

На *карте 4* – граница лесов и степей. То есть, севернее границы леса кочевники не заходили. Собственно вблизи этой границы леса номады и обитали. Разные авторы по-разному ее проводят. Возможно, это связано с колебанием этой границы в связи с усыханием или увлажнением. На севере ареал расселения кочевников ограничивался лесом, на юге – пустыни, горы, оседлые цивилизации.

На *карте 5* мы видим сплошную степную полосу, аридную зону от Тихого океана до Черного моря. Этот степной пояс заключен между 50 и 40 градусами северной широты и вытянут примерно на 8 тысяч км. Это колыбель степных народов, кочевых империй. По этому внутриконтинентальному коридору постоянно шла миграция кочевников-скотоводов. В основном с востока на запад и с севера на юг. Евразийские степи делятся на западную и восточную части. Эти части соединялись в узкой горловине – Джунгарских воротах. Ещё одни ворота, через которые проходили скотоводы – Прикаспийские (между Уральскими горами и Каспием). Южнее этой полосы степей проходила цепочка оседлых, земледельческих цивилизаций и Великий Шёлковый путь.



5. Степной пояс

Для учащихся 7 класса нами созданы карты по истории и взаимодействию средневековых государств на территории Казахстана, сложению Монгольской империи, позволяющие представить изучаемый материал системно и на более широком, глобальном географическом фоне. На уроках истории мы рекомендуем давать учащимся следующие варианты заданий по карте с использованием разных форм работы.

1. Обозначение границ государств, мест исторических событий и действий, расселения племен, народов (индивидуальная работа);

2. Воссоздание пути по карте (торговля, путешествия, открытия; индивидуальная работа).

3. Одновременное применение карты и исторической картины (при организации работы в парах);

4. Задания поискового характера: родина изобретения, товара, растения, продукта; расположение памятников культуры (индивидуальная работа);

5. Составление карты культурных и археологических памятников (по периодам; работа в парах);

6. Проблемные задания, исходящие из вопроса повышенной сложности (индивидуальное задание);

7. Путешествие по карте. Викторина. Продвигаемся дальше, отвечая на вопросы (групповая работа).

8. Картографический диктант по контурной карте с использованием

инструментов рисования интерактивной доски. Итак, знания, полученные учащимися в процессе изучения истории, составляют основу *картографической грамотности*, которая, по нашему мнению включает следующие умения:

- читать историческую карту с опорой на легенду;
- точно определять географические ориентиры и демонстрировать их на карте;
- определять местоположение исторических объектов и описывать их;
- преобразовывать условную информацию исторической карты в текстовую;
- пользоваться картой-схемой сражений.

**Гаухар Ержановна ШАГАЛИНОВА,**
**учитель истории**
**Тоскайнской средней школы.**
**Курчумский район,**
**Восточно-Казахстанская область.**

# Как развить навыки прогнозирования через анализ разных видов информации

Сегодня учителю необходимо постоянно развиваться, повышать свой профессиональный уровень, и для этой цели весьма полезным является обсуждение уроков с коллегами – Lesson Study. Lesson Study – это универсальный педагогический подход, направленный на совершенствование знаний в области преподавания и обучения. Работая в мини-группе с коллегами, данный метод позволяет учителям сотрудничать, совместно обсуждать цели обучения, планировать и наблюдать уроки, увидеть, как идеи воплощаются на практике, а также пересмотреть и дополнить свою практику преподавания. Lesson study уже успешно применяется в таких странах как Сингапур, Гонконг, Канада и сейчас данный метод внедряется в Казахстане.

Всем известно, что химия представляет огромный интерес у учащихся. И этот интерес необходимо постоянно поддерживать, повышать мотивацию учащихся. Учебная программа построена по спиральности, что предусматривает постепенное углубление тем.

При объяснении нового материала важно уделять внимание развитию исследовательских навыков, а именно навыкам прогнозирования. При этом можно использовать разные методики и приемы, необходимо тщательно планировать урок. Поэтому, с целью улучшения своей практики, нас заинтересовало именно это направление.

В сентябре месяце мы сформировали группу, в которую вошли творческие учителя химии. Согласно процедуре «Lesson Study» проведено заседание для определения вопроса исследования, ожидаемых результатов, разработка листа оценивания и списка учащихся для фокуса наблюдения. Учителя провели анализ с помощью методики «Колесо баланса» и это помогло определить западающие моменты на уроках. Выяснилось, что учащиеся имея определенный набор информации, слабо проявляют навыки критического мышления, а именно в области прогнозирования. В результате анализа результатов и обсуждения было решено остановиться на общей теме исследования «Как можно развить навыки прогнозирования у учащихся на уроках химии через анализ разных видов информации?» и определен 8 класс для исследования.

Задачами исследования были: создать необходимые условия и развить навыки прогнозирования через анализ информации разных видов. Были определены три ученика с разными уровнями способностей (ABC – высокий, средний и низкий), составлены листы с ожидаемыми результатами для каждого учащегося. В ходе совместного обсуждения был запланирован урок по теме «Влияние концентрации и

размера частиц на скорость реакции» где учащимся было предложено на основании экспериментальных данных спрогнозировать влияние данных факторов на скорость химической реакции. Для анализа эффективности выбранных приемов и методов, которые использвались на уроках, были разработаны листы наблюдения уроков, в которых прописаны ожидаемые результаты учащихся.

По результатам наблюдений и обсуждения первого урока были внесены коррективы в план урока. На этапе активации новых знаний в начале урока учащимся был предложен просмотр видео роликов без звука, на основе просмотра которого учащиеся должны были спрогнозировать какой фактор и как влияет на скорость химической реакции, записать соответствующие уравнения реакций. В результате, мы услышали интересные рассуждения учеников, некоторые учащиеся предложили несколько факторов на одно видео, но возникли затруднения с составлением уравнений химических реакций. В ходе работы учащиеся активно обсуждали и высказывали свое мнение. Далее учащимся было предложено составить постер, который позволит объяснить влияние некоторых факторов на скорость химической реакции на основании знаний теории активных столкновений. Учащиеся самостоятельно предложили ряд критериев оценивания постеров и приступили к работе. В помощь учащимся были предложены основные положения теории активных столкновений и интернет-ресурсы. В конце урока учащимся было предложено оценить свою работу по критериям оценивания.

В результате анализа и обсуждения данного урока учителя пришли к выводу, что учитель уверенно использует приемы диалогового обучения и вопросы высокого порядка, для мотивации, а также эффективно была организована групповая работа, учащиеся были все вовлечены в процесс обучения. Также после урока было проведено интервьюирование учащимися, услышано их мнение «голос учащегося» и их пожелания. Даже учащиеся отмечали, что им было трудно высказывать четко и верно их идеи, возникшие в результате просмотра видео и формулировки предложений в ходе работы над постером. Поэтому обсудив мы решили внести следующие коррективы в урок – при формулировке гипотезы и вывода по лабораторной работе учащимся будет предложено ряд фраз-клише, которые помогут аргументированно и четко сформулировать мысли учащихся. Данными фразами учащиеся смогут воспользоваться при ответе на задание, направленное на закрепление изученного материала. В результате урока, учитель подобрала вопросы и фразы-клише в соответствии с потребностями и способностями учащихся при изучении данной темы. По итогам второго урока учащиеся отмечали, что им было на много легче прогнозировать и аргументированно формулировать гипотезу и в конце формулировать вывод по лабораторной работе. Разработка рабочих листов с использованием фраз-

клише, текстов с пропущенными словами, инструкциями помогло каждому учащемуся развить и достигнуть зону ближайшего развития в области анализа информации и способности предсказывать определенные последствия.

В результате спланированной и проведенной серии последовательных уроков можно отметить, что учащиеся стали намного увереннее работать на уроке, так, например, учащийся С, который ранее не способен был взять ответственность на себя, полагался, что напарник поможет и иногда даже сделает за него, начал активно участвовать в обсуждении и выдвигать свои идеи по прогнозированию. Это указывает на рост и развитие учащегося. Наблюдение за учащимся В показало, что при работе в группе он не только стал чаще выдвигать свои идеи, но и начал отстаивать свою точку зрения, формулируя и аргументируя свой прогноз по заданию. Учащийся А старался выдвигать свои гипотезы и прогнозы при этом настаивая на них, аргументируя и оценивая прогнозы своих одноклассников. В результате проведенного исследования, можно отметить, что учащиеся продвинулись в умении использовать различные виды имеющейся информации для прогнозирования свойств химических веществ, возможности протекания реакций, влиянии определенных факторов, что положительно отразилось на результативности проведенных уроков и развитии навыков высокого порядка у учащихся.

Использование Lesson study показало, что совместная работа учителей помогает учителям улучшать, совершенствовать методы и подходы для развития способностей учащихся. Выявлять проблемы в обучении и путем обсуждения, находить оптимальные пути решения. А самое главное, дает возможность увидеть, насколько эффективны были выбранные стратегии, методики и подходы, которые можно использовать и на других уроках в разных параллелях.

**Используемая литература:**

1. Глазкова К.Р. Уроки-исследования. Формирование творческой, критически мыслящей личности // Физика (ПС). – 2006. - №24.
2. Глазкова К.Р., Живодробова С.А. Возможности уроков-исследований для развития умений моделирования // Физика в школе. – 2008. - №5.
3. Заир-Бек С., Муштавинская И. Развитие критического мышления на уроке. Пособие для учителя. – М., 2004.
4. Критическое мышление: технология развития: Пособие для учителя / И. О. Загашев, С. И. Заир-Бек. – СПб: Альянс «Дельта», 2003.

**Гульнар Каиржановна ИЛЮБАЕВА,**
**Татьяна Александровна ШЕЙКО,**
**Юля Александровна БЕЛОВА,**
**учителя химии НИШ ХБН**
**г. Петропавловск.**
**Екатерина Сергеевна РИТТЕР,**
**преподаватель химии и**
**фармацевтических дисциплин**
**Северо-Казахстанского**
**высшего медицинского колледжа.**

# Халифа Алтай шығармаларының жанрлық, тақырыптық сипаты



**Жансая Жұматайқызы ТАҢАТҚАНОВА,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекттік университеті, филология ғылымының магистранты. Қызылорда қаласы.**

Халифа Алтай шығармаларын талдамас бұрын оның шығармашылық өмірбаянына тоқталған жөн. Олай дейтініміз Халифа Алтайдың барлық қаламгерлік жолы өмірбаянымен байланысты қалыптасқан.1917 жылы Шығыс Түркістанның Алтай өлкесінде Шіңгіл деген жерде дүниеге келген. Есімін Халифа қоюдың да мәні бар екен. Бұл сөз Құран-Кәрімде «Алланың жер бетіндегі жәрдемшісі» деген мағынаны береді. Ауыл молдасынан хат таныған ол он алты жасында тарихи дүрбелеңді басынан өткізеді. 1933 жылғы қуғын-сүргінде он сегіз мың адам Баркөл аймағына көшеді. Сонан соң Шанхай, Тибет арқылы Үндістанға, онан соң Пәкістанды мекендеген.1954 жылы азалы көш Түркияға бет бұрады, осы көштің қатарында Х. Алтай ел тағдырына араласып, көмек көрсетуге бел буады. «Шығыс Түркістан қазақ көшпенділерінің одағын құрып, хатшысы болады. Міне, осындай азалы көштен мың сегіз жүз адамды Анадолыға жеткізген.

Түркияға келген соң өзі және қазақтардың басынан кешкен тарихи, өмірбаяндық кітаптар жазуға кіріседі. Қытайдағы қазақтардың жер-суын тастап, белгісіз бағытқа үдере көшуін, өткен жылдардағы жорық жолын жырға қосты, ұлы көштің тарихын жазды. «Қазақ түріктерінің шежіресі», «Естеліктерім», «Ата жұрттан Анадолияға», «Алтайдан ауған ел» сияқты әдеби-көркем шығармалар жазды. Сонымен қатар исламдық діни шығармалар мен «Құран-Шарифті» тұңғыш рет аударды. «Құран әліппесі және имандылық шарттары», «Шариғат», «Иманшарт», «Ғалымхал» сияқты шығармалары діни ағартушылық идеяны насихаттады. Халифа Алтай поэзиялық туындылар да жазған, ақындық өнерімен де танылған. Поэзиясындағы негізгі тақырыбы – туған жер, атамекен атажұрт болып келеді. Алтай елінен ауып көшкенде қоштасып аттанады. «Алтайға сәлем», «Қарт Алтай қызу қарсы алды», «Алтаймен қоштасу» сияқты өлеңдерінде туған жердің тамылжыған табиғатын жыр жолдарына арқау еткен. Мұң-шер, жоқтау өлең Зайып ағасына арналған қара өлең үлгісінде жазылған. Шекарадан өтер тұстағы күйзелісті суреттейтін «Біреудің қалды баласы» атты толғауы бар. Жазушының естелік жанрындағы туындыларынан бастап, қай жанрда жазған шығармаларын алсаңыз да дерек, факт, құжат секілді материалдарға жан бітіріп, өзі көрген не куә болған жағдайларды баяндаған. Күнделік, естелік, қолжазба сияқты еңбектерінде очерк, публицист ретінде танылған. Деректі-зерттеушілік жанрлар тобына жататын публицистикалық мақалалар, күнделіктер, естеліктер, хаттар, очерктер туралы ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, пуб-

лицистердің айтар ой-пікірлері оң емес. Олай болса бірінші жанр туралы айта кету орынды. Академик З. Ахметов жанр туралы: «Жанр – әдеби шығармалардың жеке түрі, көркем әдебиеттің салалары. Көркем әдебиет – арнасы кең, көп салалы өнер. Әдебиет туындыларының құрылыс-қалпы, мағыналық сыйымдылығы, көркемдік сипат белгілері әр алуан бола береді. Сондықтан әдеби шығармалардың жүйесін тауып жіктеп-топтауға, түр-түрге бөлуге үлкен мән беріледі» - деп тұжырым жасаған. [1.90] Жанрдың тарихи категория екенін, әрбір жанрдың тарихы мен табиғатын анықтау, әрбір шығарма белгілі бір жанрда жазылатыны туралы М. Қаратаев пікірін келтіре кетейік: «Жанр – тарихи категория. Сондықтан ол барлық заманда бірдей қатып-семген дүние емес. Заман талабына сай өзгеріп, жаңарып отыратын құбылыс. Шығарманы белгілі бір жанрға жатқызудың бірінші сипаты – оның қай текке қатысты екендігі болса, екінші сипаты – қандай сарынмен жазылғандығы, ал үшінші сипаты – қандай көлемде, қалай құрылғандығы деуге болады», - деп ой түйген.

Ғалымның осы пікіріне сүйенсек, әр жанрдың өзіндік тарихы бар екен, ол қоғамдық ортамен, көркем талғаммен байланысты жазылатыны белгілі болды. Кез келген шығарма белгілі бір жанрда жазылатынын ескерсек, біз сөз еткелі отырған Х. Алтай шығармаларын тегіне қарай топтастырғанымыз орынды. Сондықтан да көркем шығарманың жанры суреткердің идеяны жинақтау арқылы оқырманға әсер етуі деп ұққан дұрыс. Осы пікірді қуаттау үшін ғалым М.Атымов пікірін келтіре кеттік. «Қай жанрдағы қандай шығарманың болмасын идеясы мен композициясы болады. Қандай шығарманың композициясы болса да жазушының сол шығармада айтпақ болған идеясына бағынады. Кез келген шығарманың жанрын айырудың критериясы сол шығарманы идеялық және тақырыптық жағынан талдау болып табылады демекпіз», - деген.

Көркем әдебиет – мәңгілік дүние. Ол уақыт талабына сай, өзіндік көзқарасы бар, өз заманына қызмет ететіндей рухани дүниемізді көңілге қондыру қажет. Ә. Қоңыратбаев айтқандай: «Публицистің шеберлігі қай кезде де жеке-дара көрінеді, ол публицистің шығармашылық стилінен көрініс табады. Стиль – жазушының шеберлігін, талантын дәлелдейтін үлкен көрсеткіштің бірі», - деп тұжырым жасаған. Ғалымның пікірінше, публицистік шығармаларда ой көркем, мазмұн тартымды, тағлымды ой айтылуы қажет. Сонымен қатар нақты деректер мен фактілерге сүйену, тілі ғылыми және сөзі салмақты болуын айтып өткен.Публицистика жанрындағы естеліктерде рухани-танымдық құнды дүниелер, көркем әдеби жанр ретінде өмір шежірелерінен жазылатын кейіпкерлердің шынайы бейнесін нақты деректермен береді.

Профессор Б. Кенжебаев: «Очерк көркем әдебиеттің табанды, жылдам жазылатын, қазір дереу ой-пікір білдіруге қолайлы, қайым түрі», - десе, Т.Нұртазин: «Очерк – көркем әдебиеттің бір саласы. Онда шығармаға негіз – күнделікті материал, нақты адамдардың әрекеті», - деп жазды. Публицистикалық көркем шығарманы мақала, хаттар, очерктер, естеліктер деп шартты түрде бөліп қарастырып жүрміз. Әдебиетті зерттеуші ғалымдар С. Мұқанов, Б. Китебаев, З. Қабдолов, З. Ахметов очеркті жолсапарлық, портреттік, оқиғалы – публицистикалық, проблемалық, аналитикалық деп бөліп қарастырады. Қаламгерлердің очерктерін бұлай бөлу, әрине, қалыптасқан, жүйеленген түр емес. Десек те, жазушының жүрген жерлері мен көрген білгендерін, байқаған оқиғаларды, проблемалық жағдайларды танып, естелік ретінде жаза білуі деп түсінеміз.

Тарихи оқиғаларға куә болу, көзбен көрген оқиғаларды көркем әдебиетте талдап, шебер жаза білуі арқылы әдеби жанрға жазушы қосқан үлесі анықталады. Сонымен публицистикадағы жанр табиғатына зер салсақ, оның қалыптасу жүйесінің ертеден бастау алғандығын да аңғару қиын емес. Очерктің түрлері туралы орыс ғалымдары В. Сорокин, М. Горький, Ф. Головенченколар ғылыми очерк, тарихи очерк, публицистикалық деп бөлген. Ал ғалым В. Абрамилов социологиялық, психологиялық, мемуарлық очерк деп қарастырған. Қазақ очерктерін арнайы зерттеген Т. Ыдырысов жол сапар очерк, проблемалық очерк деп бөледі.Қазақ әдебиетінде Ш. Уәлихановтан басталып бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан естелікте қаһармандары өмірде болған адамдар, өткен тарихтан сыр шертеді. Академик З. Қабдолов: «Очеркте суреттелетін шындық – ойдан шығарылған нәрсе емес, өмірде болған не бар ақиқат, очерктің қаһарманы – ойдан жасалған бейне емес, өмірде болған не бар адам. Содан соң, очерк өткен шақтың көне шындығынан емес, осы шақтың көне шындығынан емес, осы шақтың жаңа шындығынан ғана туады. Бұл ретте, очерк – өз кезінің үні, жаңаның жаршысы», - деген. Олай болса, очеркте жазушы суреттелетін шындықты өмірден алып, өз заманының тарихынан хабар беріп, өз көзқарасын білдіреді. Міне, осыларды очерктік стильге тән өзіндік белгілерден тануға болады. Десек те, публицистің стилі, сөз саптауы, шеберлігі әр түрлі болатынын ескерсек, онда сәлемдесу, қоштасу, табиғат суреттерін беру, өтініш-тілек, мұң-шер, т.б. ойлар беріледі.

Жанр түрлеріне келетін болсақ, типологиялық ортақтығы болады. Ерекшелігі шығарманы сипаттау үшін жанрлық топтарды, әдебиеттің жанрлық жүйесі, өнердің барлық түрінде іштей жіктелу жүйесі. Әрбір өнер түрінің ерекшелігіне байланысты өзіндік жүйе құрайды. Әдебиетте типологиялық құбылысқа жататын жанр авторының өз ойын беру әдісі жанрлық тұтастықты құрайды. Біз сөз еткелі отырған Х. Алтай тұлғасы ерен, тумысы бөлек жазушы, діни ағартушы, ұстаз шығармалары арқылы ислам дамуына, оның кең таралуына зор ықпал еткен жан. Оның шығармаларын тақырыптық-жанрлық тұрғыдан талдау үшін жазушының проблемалық-аналитикалық туындыларын, өмір талабынан туған очерк-естеліктерінің маңызына назар аудару керек. Х. Алтай қаламынан туған «Естеліктерім», «Қазақ түркілерінің шежіресі», «Ата жұрттан Анадолияға дейін», «Үндістанға кіру», «Көштен бөлініп қалғандар», «Түркияға көшу әрекеті», «Саяхаттарым» және «Ислам дінінің негіздері» атты шығармалары «Алтайдан ауған ел» атты жинаққа енгізілген. «Алтайдан ауған ел» мен «Естеліктерім» атты шығармасы ғұмырбаяндық естелік кітап. Әдебиеттану ғылымында мемуарлық шығарма деп аталады.

Естелікте жазушы азалы көштің қиын тағдырын дәлме-дәл дәйектемелермен береді. Аштық, ауру, күннің ерекше ыстығы азып-тозған халықты әбіржітіп жібергенмен, елден жанашырлар табылады. Онан әрі үздік-создық үш бөлек асудан өтіп Мұзапар-Абат қаласына жетеді. Мұсылмандардың көмегімен Кашмирден Пәнжап өлкесіне өткен көштегі халық қырыла бастады, дегенмен қазақтарды аукаттандырып, тамақ беріп, әлдендіріп алады. Пәнжапқа ат-түйеге арба жегіп өткендер де бар. Арнайы машинамен көшіруге де мүмкіндік жасалады. Осы оқиғаны естелік ретінде автор былай суреттейді. Босқындарды алып кетуге арнайы машиналар келді. Машинаны көрмеген халық таңырқай қарайды. Ат-түйелері барлар өз бетінше көшті де, Ахмедқали

бастаған біраз адам бір машинаға отырдық. Көп уақыт өтпей Мансера қаласына келдік. Бұл қаланың көпшілігі мұсылмандар болуы керек, біздерді жылы шыраймен көшеде тізіліп тұрып қарсы алды. Мойнымызға гүлдерін кигізіп, көшелерді бір айналдырды. Жеміс, тамақ, сусындар да беріп жатыр. Мұсылманшылық көрсеткендеріне қатты разы болдық

Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел» жинағындағы қай естелігін оқысаң да жалықтырмайды, жеңіл оқылады. Жазушының очерктері әңгімеге ұқсас, алдымен ақиқатқа жүгінеді. Ол тақырыптан жаңа идея тауып, дәлелдей түседі. Әрбір естелігінде автордың өзімен-өзі сырласқандай болып шыққан ішкі сезімі қарапайым көрініс танытады.

Х. Алтай естеліктерінде Пәкістандағы Түркия елшілігімен келісіп, елді Түркияға көшіруге араласқаны айтылады. Пәкістан Шығыс Түркістандық қазақ көшпенділері қоғамын құрады, өзі жауапты хатшы ретінде қазақтардың түпкілікті Түркияға қоныс аударуын ұйымдастырады. Мың сегіз жүз адамдық көштің басын Анадолыға жеткізеді. Өмірінің отыз алты жылын азаппен өткізген ол енді білімін жетілдіріп, шығармашылықпен айналысады. Сөйтіп «Менің естеліктерім», «Атажұрттан Анадолыға дейін» т.б. шығармаларын жазды. Түркияда мұсылмандықты насихаттауды өзіне парыз санаған «Құран-Кәрімді» қазақшалап, қасиетті кітаптың қазақтар арасына кең таралуына ықпал еткен. Қорыта айтқанда, Халифа Алтай шығармаларын жанрлық-тақырыптық жағынан негіздегенде біз бұл мақаламызда ең негізгілеріне тоқталып өттік.

Халифа Алтайдың мемуарлық естеліктері, тақырып жағынан алуан түрлі болып келеді. Қай шығармасын алсаңызда басты тақырып кілті Атамекен, Атажұрт болып келеді. Өмірден таңдап алған ойына осы болмысты таңдаған Көркем шығарманың болмысы, айтылатын ой-пікірдің тартыстың ірге тасы етіп таңдаған жер тақырыбына тоқталуының басты себебі де бар. Шығармашылығында баяндалатын оқиғадан түрлі идея туғызып, тартыс құрған.

Мемуарлық ескерткіштерінде Алтай қазақтарының тағдырын шығармаларына тақырып етсе, қазақ дейтін тамаша ұлттың ұлтты сақтап қалудағы басынан өткен азапты өмірі мен күресін әлемге әйгілеген, яғни шығарманың идеясы да осы еді.

«Алтайдан көш қалай басталды?», «Үндістанға кіру», «Көштен бөлініп қалғандар», «Түркияға көшу әрекеті», «Түркия қазақтары», «Саяхаттарым», «Атажұртпен қауышу» сияқты кітаптың тараулары мен тараушаларындағы сан алуан оқиғалардан мағлұмат беретін күнделік – мемуарлардың өмірде болған,болатын шындықты Х. Алтай көзімен көрген, оқиғаның бел ортасында жүріп ой-пікір тудыратын болмысты суреттеген. Сондықтан тақырыптан идея туып отырған. Мемуарлық естеліктер түркі халықтарының оның ішінде қазақ халқының әдеби мұраларының тарихилық негіздерін саралауға күнделік шығармалардың танымдық-тағылымдық маңызын үнемі басты назарда ұстаймыз. Бұл зерттеу еңбегіміздің ұлттық әдебиет тарихын қарастыруда өзектілігін дәйектей түседі. Ойымызды тұжырымдай келе, өмірбаян, күнделік жанрына жататыны, күнделік-естелікте Х. Алтай тарихи оқиғаларды жазғаны анықталды: Сонымен қатар Х. Алтай күнделіктері әлем әдебиетіндегі тарихнама жанрымен сабақтастық тұрғыда бағаланды. Халифа күнделіктерінде қазақ халық әдебиеті үлгілері (әңгіме, батырлар келбеті, жоқтау, т.б.) қолданылғаны сөз болды.

# Тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудің мәні

Мақала ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Ғылым комитеті бекіткен (Грант №АР 08856223) аясында жазылды.

Қазіргі таңда қоғамдағы жүріп жатқан әр түрлі өзгерістерге байланысты бәсекеге қабілеттілікті арттыруда жеке тұлғаны қалыптастыруды көздеген білім беру жүйесіндегі талаптар ұлғая түсуде. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да ұрпақ тәрбиесі баса айтылса, [1] Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім берудің мақсаты: «Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру»,–деп айқын көрсетілген. [2] Бұндағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу арқылы ұлттық рухымызды әлемдік деңгейге жақындату.

Білім беру парадигмасының өзгеруі әрі жаңа ұлттық модельдің қалыптасуында бүгінгі тәрбиенің басты міндеті – адамзат мәдениетінің сан ғасырлық өркениеттік жетістіктері мен ұлттық рухани тәрбие барысында адамгершілік қасиеті жоғары ұрпақ тәрбиелеу өзекті болып табылады. Көрнекті педагог Ж. Аймауытов: «Өткен өмірде күн сайын адам қай бағытта машықтанып әдет етсе, егде болғанда да сол бағытта өзгереді...» дейді. [3] Бұдан шығатын түйін адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынас іскерлік пен адамгершіліктің психологиялық үлгісін қалыптастырады.

Тәрбие мен білім берудегі адамгершілікке бағытталған идея құндылық болып қарастырылады. Рухани-адамгершілік құндылық – адамның ішкі жан-дүниесінің өлшемі, адамның жақсылыққа ұмтылуы, ізгілік, кешірімді болуы, ұлттың өз мәдениетін меңгере отырып, басқа адамға құрметпен қарауы, жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылық жасауы, дұрыс өмір сүруге талпынысы, өзін-өзі бағалап, сол арқылы дүниені, әлемді тануы.

Педагогтың тұлғаны тәрбиелеу барысында тәрбиелік мақсатқа бағытталған педагогикалық үрдісінде баланың бойындағы жағымды мінез-құлық қалыптасады. Жеке тұлғаның бойындағы ең маңызды қасиеттер – жауапкершілік, ізгілік және оның адамгершілігі. Бұл қасиеттер тұлғаның іс - әрекеттерінде көрініс табады.

Заман талабына сай бүгінгі тәрбиенің басты міндеті – адамзат мәдениетінің сан ғасырлық өркениеттік жетістіктері мен ұлттық рухани, мәдени байлықты кіріктіре отырып меңгерту, тұлғаны өмірге икемделген, жан-жақты жетілген, қабілетті, кез келген жағдайлардан жол тауып шыға алатын ынталы да іскер, табанды да елін, жерін сүйетін азамат етіп тәрбие-

леу болып табылады. Сондықтан, қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасында орын алған адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік, үлкенді сыйлаудағы жақсы қарым-қатынас қоғамда болып жатқан өзгерістерге жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады.

Адам баласының өз өмір жолында тәрбиелі ғұмыр сүруі оның қоршаған ортасына, достарына, тәрбие ортасына және отбасына байланысты. Осы орайда, тұлғамен жүргізілетін әр түрлі бағыттағы тәрбие жұмыстары олардың шығармашылық, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы ерекше. Әр адамның қарым-қатынас мәдениеті оның жеке-даралық қасиеттеріне де тікелей байланысты. Сондықтан тұлғаның қарым-қатынас мәдениетін зерттеуде әр баланың жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау керек. Осы қарым-қатынас барысында әр баланың жеке позициясы, адамгершілік қасиеттері үлкен роль атқарады. Адамның адамгершілігі – оның ізгі амалдары мен кісілігінің көрінісі.

Демек, жас ұрпақты адамгершілік, ізгі қасиеттер негізінде тәрбиелеу мен қарым-қатынас мәдениетін зерттеу барысында қоғамның қазіргі таңда көптеген өзгерістерге ұшырауына байланысты адамдар арасындағы ізгілікті қарым-қатынастың дұрыс болмауы көптеген ізденістердің қажет екендігін көрсетіп отыр. Қазіргі еліміздің өркениетті нарыққа бет алған кезеңіндегі туындаған экономикалық, әлеуметтік қиындықтар тұлғаның адамгершілік қадір-қасиетінің төмендеуіне, салауатты өмір сүру ережелерінің бұзылуына өз әсерін тигізуде. Себебі, күнделікті өмірде байқап жүргеніміздей, адамдар арасындағы қарым-қатынастың әлсіреуі, бір-біріне сыйластықтың азаюы, эмоционаллық көріністің шамадан тыс белең алуы адамдар арасындағы қарым-қатынасты арттыруды, адамгершілік қасиетті сақтауды қажет ететіні айқын. Адам баласының бақытты өмір сүруі ең бастысы, отбасына, қоршаған ортасына, достарына байланысты болады. Бүгінгі таңда жастарға әлемдік деңгейге сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, іскерлігін, төзімділігін, сонымен қатар адамгершілікке тәрбиелеу өркениетті қоғамның міндеті болып табылады. Мұндай жағдайда тұлғаның қалыпты өмірін қамтамасыз етуге ықпал жасайтын адамгершілік қарым-қатынастың мәні ерекше. Ізгі қарым-қатынасқа түсу арқылы адамдар өзге адамдарға өз ойын білдіріп, еркін ақпарат алмасады. Қарым-қатынас орнату арқылы өзара ықпал етіп, адамдардың өмір тәжірибесі, іс-әрекеті, теориялық ойлау қабілеті дамиды. Әр алуан іс-әрекетті жүзеге асырып, пікір алмасады. Осылайша, олардың арасында тұрақты қарым-қатынас қалыптасады.

Бұл бағытта қазақ халқының ұлттық тәрбие құндылықтарын зерттеу өзекті болып табылады. Адамзат тарихында адамгершілікке байланысты пайда болған категориялар: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, тағы басқалары. Тәрбиенің қалыптасуы мен тұлға бойына адамгершілігі жоғары ізгі қасиетті дарытуда жаңа парадигманың жүзеге асуы жаңа заман адамын, тұлға қалыптастырудағы ұлттық тәрбиені енгізу арқылы қол жеткіземіз.

Осы орайда, зерттеушілер пікірі ұлттық құндылықты дәріптеуге назар аударады: «Білім беру ісінің жаңартылуы бұл ең ал-

дымен, барлық деңгей бойынша балаға деген көзқарастың өзгертілуі. Біздің міндетіміз – өзінің ана тілін, дінін, дәстүрін ата-мекенін сүйетін Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеу». [4] Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның адамгершілік сапасын қалыптастыру өткір мәселе екенін айтуға болады. Себебі, өмірдегі құндылықтардың барлығы да жауапкершілік арқылы ғана іс-әрекет нәтижесінде танылып, болашақта тұлғаның дамуына мүмкіндік алады. Адамгершілікті қалыптастыру арқылы жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуінде және мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор.

Сондықтан да, оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық сананың қалыптасуына аса ықпалды тәрбие түрлеріне ақыл-ой, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлтаралық, қатынас сыйластығы, ізгілік тәрбие беру арқылы еліміздің өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын, ұлтын сүйетін, парасатты, білімді тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр. Адамның дамуы – бұл күрделі процесс. Бұл процесс адам өмірге келген күннен басталып, өмірінің соңына дейін жалғасады. Жаһандану үдерісіне сай өзгеріс ғасырында қоғамды дамытуда адамгершілік тәрбиесі өзекті болып саналады. Ендеше, тәрбие берудің тиімділігі мен білім сапасын арттырудағы негізгі бағыты – тәрбиелік істе тұлғаны жан-жақты дамыту, қалыптастыру жолға қойылуда. Себебі, баланың бойына жас кезінен ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық сияқты құнды қасиеттерді сіңіруде отбасы мен білім беру орны ерекше рөл атқарады. Бұл туралы: «Адамның тұлға ретінде қалыптасуы нақты бір қоғамдық жағдайларда туады. Қоғамның талаптары адамдардың мінез-құлқының моделін, ал бағалау белгілері оның мінез-құлқын анықтайды. Руханилық – адам өмірінің жоғары көрсеткіші, оның адамзаттық, адамгершілік, парыздарының ішкі құндылығы, адамның болмыстан да жоғары мәнге бағынуы болып табылады..» деген пікір орынды. [5]

Бүгінгі таңда баланы ұлттық құндылық негізінде тәрбиелеуге баса назар аударылудағы мәні осында. Ұлттық құндылық – әрбір ұлттың өзіне ғана тән салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы. Егер тұлға қанша білімді болып тұрса да, ұлттық мәдениетті сақтай алмаса, ол жетістікке жете қоймайды. Рухани адамгершілік тәрбие берудегі мақсат үйлесімді дамыған, бойында ізгі қасиеттері басым тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл өз кезегінде тұлғаға білімді меңгерту ғана емес, оның ішкі жан дүниесін дамыту арқылы өзін-өзі дамытуына бағыт-бағдар беру. Рухаани адамгершілік тәрбиенің тамыры тереңде жатыр.

Адам өз бойындағы мүмкіндігі мен қабілетті басқалармен қарым-қатынас арқылы іске асыратын болса ғана жетістікке ұмтылады. Әр адамның қарым-қатынас мәдениеті оның жеке-даралық қасиеттерімен де тікелей байланысты. Сондықтан ұрпақтың адамгершілік, қарым-қатынас мәдениетін зерттеуге әлеуметтік психологияда қалыптасқан әдіс-тәсілдердің басым көпшілігін қолданумен қатар әр баланың жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау керек. Осы қарым-қатынас барысында әр баланың жеке позициясы және жауапкершілігінің көрініс беруі т.б., қасиеттері үлкен роль атқарады.

Қорыта келгенде, «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтылмаса керек. Баланың қалыптасуына, өз жолын адаспай табуына, тұлға ретінде қалыптасуында адамның эмоционалды

әлемін, өзін-өзі тануы мен адамгершілік негіздерін қалыптастыруда отбасының, әрине, ата-ананың рөлі зор болмақ. Ата-ананың болашақ бала тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге, жауапкершілікке, ізгілікке үйретеді. Рухани адамгершілік тәрбиесі – жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғамдағы нормалар мен дәстүрлерін сақтауды қарастырады. Адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбие беру – рухани құлдыраудан, жауапсыздықтан шығудың ең басты жолы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019 жылғы 27 желтоқсан https://aktobecontrol.gov.kz/kz/assets/images/pages/npa/gpro2025kz.pdf

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан, 2003. 26 желтоқсан.

«Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы»: 2-том. Құрастырған: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. –Алматы: « Рауан», 1998.–416.

3. Көбекова Ж.С. Психология негіздері: оқу құралы. – Қарағанды: «Ақнұр» баспасы, 2019.- 190б.

4. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М., Жас ерекшелік психологиясы: оқу құралы. – Қарағанды : «АҚНҰР» баспасы, 2019. - 186 б.

**Қуаныш Шорманқызы МОЛДАСАН,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты,**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**
**философия жане саясаттану факультеті,**
**Педагогика және білім беру менеджменті**
**кафедрасының аға оқытушысы.**
**Бақыт Айтуқызы ӘРІНОВА,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты,**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**
**философия және саясаттану факультеті,**
**Педагогика және білім беру менеджменті**
**кафедрасының аға оқытушысы.**
**Алматы қаласы.**

# Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы

Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел тізгінін қолға ұстар биік тұлға болары анық. Олар – біздің болашағымыз. Әке – асқар тау болса, ана – бауырындағы бұлақ, ал бала – жағасындағы құрақ. Осы бір үш сөз әке, ана, бала – отбасы ошағының үш тағаны іспеттес. Бала тәрбиесінде отбасының атқарар міндеті зор. Адам баласы дүниеге келгенде енетін үйі, өсіп ер жететін, тәлім-тәрбие алатын қасиетті алтын бесігі – отбасы. Қай кезде, қай елде болсын, отбасының адамзат ұрпағына беретін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсемен салыстыруға болмайды. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген халқымыздың қасиетті сөзінен отбасы тәрбиесінің күшін сезе беруге болады. Отбасы тәрбиесінің түрлері мен мүмкіндіктері өте көп, әсіресе ынтымақты, тату-тәтті тұратын отбасында. Баланың сырын да мұңын да, шаттығын да ата-анасынан артық ешкім де білмейді. Сондықтан бала тәрбиесінде ата-ана мен ұстаздар бірлігі қажет-ақ...

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болмақ...

Қазіргі жастар арасындағы өз өміріне жауапсыздық, тәртіпсіздік, маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік секілді халқымыздың табиғатына жат, қауіпті кеселдер күннен-күнге белең алып бара жатқандығы шындық. Мұның бәрі заман ағыны деп, заманға жабамыз, ата-анадан, мектептен көріп, кінәлаймыз. Бірақ бұдан құтылудың және болдырмаудың жолы өте ұзақ және қиын. Біздің қазіргі жастар өркениетті елдерден үлгі аламыз деп, өзінің төлтума ұлттық өнерін менсінбей, оның асыл қазынасын түсінбей, басқа әуре болып жүр. Өркениеттілік елдің материалдық байлығымен емес, рухани байлығымен өлшенеді. Өркениеттілік негізін қалыптастырудың нысанасы – ұрпақтың саналы тәрбиесі.

Еліміздің келешектегі тағдыры жастарымыздың елжандылығына, азаматтылығына және мәдениеттілігіне байланысты. Тәрбие мәселесін ұстаздар қауымының мойынына арта салумен іс бітпейді. Ол үшін отбасының, ата-ананың берер тәрбиесі бірінші орында тұруы қажет.

- Ана тәрбиесі – кешенді тәрбие, аса тағылымды мектеп.

- Әке – балаға сыншы.

Ата-ананың үйдегі қарым-қатынасы, киім киюю, мінез-құлқы бәрі балаға үлгі. Үлгілі ата-ана атану – әркімнің басты міндеті. Бала алдымен әке-шешесіне, сосын ұстазына, жора-жолдастарына қарап бой түзейді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң жобасының 35-бабында: «Ата-аналар балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың денсаулықтарын, рухани әрі дене қуатының қауіпсіз дамуын, адамгершілігі жағынан дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етуге міндетті» делінген.

Отбасы педагогикасы-күрделі құбылыс. Кейбір ата-аналардың бойында баланың жан-жақты дамуына, жеке басын құрметтеуге қалыптастыруға ұстамдылықтары жетіспейді. Баланың әрбір жат қылығы үшін сөгіп, балағаттайды, ұрады, жазалайды. Мұндай тәрбие баланың отбасынан шеттеуіне әкеліп, кейде өкінішке соқтырады. Қорыта келгенде, ата-аналар мен мектептің парызы өзара байланысты күшейтіп, тәрбие шараларын үйлестіре жүргізіп, жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

«Ұлдың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – шешеге» дегендей, қалай болғанда да ұстаздың, ата-ананың балаға ойлайтыны тек жақсылық. Баланың бойына мынадай үш қасиетті қалыптастыру керек: кең көлемдегі білім, ойлау білу және қайырымдылық сезімі.

Сондықтан балаларды үлкенді құрметтеуге, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелей білуіміз керек. Бала алдымен ата-анаға бағыну керек. Әкеге бағыну – Аллаға бағыну. Ата-ананы сыйлау, құрмет тұту, қартайғанда асырап бағу, жер-дүние жаралғаннан бері қалыптасқан имандылық жолы екенін оқушылардың санасына қалыптастыру керек.

**Раш Умирзаковна**
**ЕРМАҒАМБЕТОВА,**
**«Астана дарыны» дарындылықты**
**дамыту және**
**психологиялық сүйемелдеу**
**орталығының аға әдіскері.**
**Нұр-Сұлтан қаласы.**

# Дене шынықтыру сабағындағы пәнаралық байланыс



**Таня САХАБА,**
**«Қоянды №1 Жалпы білім беретін мектебі «КММ»**
**дене шынықтыру пәні мұғалімі.**
**Целинагрд ауданы, Акмола облысы.**

Дене шынықтыру сабақтарының оқу материалдарын басқа пәндермен байланыстыра қолдана отырып, дене шынықтыру пәні мұғалімі оқушыларды белсенді қозғалу қызметіне, сондай-ақ танымдық (ойлау) қызметіне тартады. Бұл, бір жағынан, пәнді терең білуге, екінші жағынан, өз бетінше жүйелі дене жаттығулары сабақтарына қалыпты әдеттенуге дағдылануға жол береді.



Дене шынықтыру сабағында оқушылар кейбір математикалық ұғымдармен танысады: колоннаға (бір-бірден түзу) сап түзу – түзеу ұғымымен, екі колоннаға сап түзеу – параллелді түзулермен, дөңгеленіп тұру – шеңбермен, реті бойынша санау – реттік сандармен байланысты; физика – қозғалыс пен күш, дененнің салмағы, ауырлық күші, жылдамдық, тепе-теңділік. Теориялық мәліметтер бөлімі оқушылардың табиғаттану мен анатомиядан алған дем алу, жүректің жұмысы, бұлшық еттердің жұмысы мен бекуі, қан айналымы, тамыр соғысы бойынша білімдерін ескере отырып түсіндіреді.

Дене шынықтыру сабақтарында ойналатын кейбір қозғалмалы ойын эстафеталарда математика, география, орыс тілі, сурет, музыка және т.б. пәндер бойынша оқытылатын материалдар элементтері бар, бұлар кейбір сұрақтар мен тақырыптарды тереңірек білуге жол береді. Дене шынықтыру сапасы мен қимыл дағдыларын дамытумен қатар, басқа сабақтарда алған білім мен эстафеталарды ұсынамын.

Математикалық қимылдар элементімен ойын тапсырмалар «Жұп-тақ» ұғымы.

Ойыншылар қатарға сап түзейді. Мұғалім тапсырманы түсіндіреді. Ол хабарлаған кез-келген жаттығуды оқушылар тек қана жұп сан аталғанда ғана



Бұл тапсырманы орындаған ойыншы өз командасына бір ұпай әкеледі. Көп ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

**«Кемпірқосақтың суретін сал» ойыны.**

Оқушылар жеті адамнан командаларға бөлінеді. Команданың әр қатысушысы ара қашықтықты скакалкамен және шеңбермен екі кезең өтіп, бір түспен кемпірқосақ салып, оралады және эстафетаны келесі қатысушыға береді. Мәреге бірінші келген және кемпірқосақтың түстерінің орналасуын дұрыс салғаны үшін екі ұпай алған команда жеңеді.



орындайды. Егер мұғалім тақ сан атаса, жаттығу орындалмайды. Мысалы: мұғалім «отыру» жаттығуын 8 рет (жұп) деп хабарлайды. Оқушылар отырып-тұруды орындай бастайды. Егер кім де кім жаттығуды тақ сан аталғанда орындалса, ол бір қадам алға шығады. Жаттығулар мен аталған сандар құбылып өзгеріп отырады. Ойын соңында оң ынталы оқушылар аталады. Ары қарай тапсырма күрделене түседі. Енді сандар емес, математикалық мысалдар аталады:

84 – 75 = ? 26 + 17 = ?

Арифметикалық қимылдарды жылдам орындау дағдыларын бекіту.

Ойыншылар саны тең екі команда бір-біріне қарама-қарсы 15-20 метр қашықтықта екі қатарға тұрады. Әр команда ойыншылары реті бойынша саналады. Командалардан тең қашықтықта доп жатыр. Мұғалім ойыншыларға кез-келген қосу, алу, бөлу, көбейту мысалдарын ұсынады. Оқушылар мысалдарды шешіп (32-23), жауабын тауып (9), әр команданың рет санын осы санға сәйкес келетін ойыншысы допқа дейін жылдам жүгіріп жетіп, оны өз командасына жеткізуі керек.

**«Музыкалық ырғақ» ойыны.**

Оқушылар қатарға тұрады. Мұғалім музыкалық үзінділер қосады, оқушылар осы музыканың ырғағына сәйкес қимылдайды. Мысалы: (вальс айтады, полька – екі адым алға қарай секіреді және т.б.) қимылды дұрыс орындамаған оқушылар ойыннан шығады.

Дене шынықтыру сабағында басқа жалпы білім беретін пәндермен өзара байланысытыруды жүзеге асыра отырып, оқушылардың басқа пәндер бойынша бұрынғы алған білім, іскерлік дағдыларын ескере отырып, сабақтарды барынша әсерлі өткізуге, оқушылылардың жүйелі дене жаттығулары сабақтарына қызығушылығын қолдай отырып және қозғалу қимылдарына оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамыта отырып, жоғары деңгейде ойлау белсенділігі қағидаларын таратуға болады.

# Д. Исабеков «Әпке» драмасы. Тарихи және көркемдік ерекшелігі

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | 8 Б/С1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау. |
| **Сабақ мақсаттары** | «Әпке» драмасының негізгі тақырыбы мен идеясын анықтау.<br>Туындының тәрбиелік мәнін анықтап, қазіргі заманда алар орны туралы ой бөлісу, қазіргі танда құндылығын талқылау. |
| **Бағалау критерийлері** | Драманың мазмұнын біледі. Тақырыбы мен идеясын түсінеді.<br>Кейіпкерлерін талдай алады.<br>Құндылығы туралы ойларын ортаға сала алады. |
| **Тілдік мақсаттар** | Драма, драматургия, Д. Исабеков |
| **Құндылықтарға баулу** | Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім |
| **Пәнаралық байланыс** | Өзін-өзі тану |
| **Алдыңғы білім** | «Әпке» драмасы. Кейіпкерлер бейнесі. |

| **Сабақтың жоспарлан-ған кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>2 минут | **Ұйымдастырушылық кезең:** Оқушылармен сәлемдесу, сыныпты түгендеу. «Мен сені көргеніме қуаныштымын, себебі.......» сөйлемін оқушылар аяқтап, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. | |
| 3 минут | **Топтастыру:** «Атомдар мен молекулалар»<br>Жүргізуші «атомдар» деген кезде жеке дара жүреді де «молекулалар, бесеуден» немесе «молекулалар, үшеуден» деген кезде, бес немесе үш адамнан тез арада топтасады. Сол топтасқан адамдар бір топ құрайды. | |
| 10 минут | 1-тапсырма: Топтық жұмыс<br>«Кемпірқосақ» әдісі арқылы оқушылар «Әпке драмасына» тақырыптық талдау жасап, бір-біріне жасаған талдауларын ретсіз орналастырып ұсынады. | Үлестірме-лі қағаздар |

<table>
<tr><td></td><td>Әр топ бір-бірімен алмасқан талдауларын драманың мазмұнына сай реттестіріп орналастырады. Осы тапсырма арқылы оқушылар драманың мазмұнын еске түсіреді.
<table>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td>Тақырыптық талдау жасау</td><td>Драманың мазмұнын біледі.<br>Негізгі ойды ажырата алады.</td></tr>
</table>
</td><td></td></tr>
<tr><td>10 минут</td><td>2-тапсырма: Жұптық жұмыс<br>«Бір минут» әдісімен жұмыс жасайды. Негізгі әрекеттер:<br>1. Әдістің атына сәйкес оқушылар 1 минуттың ішінде тақырып туралы не білетіні және түсінетіндігі туралы тоқтамай айта бастайды. Ал екінші оқушы жұбының пікірін толығымен ұғыну үшін тек мұқият тыңдап отырады;<br>2. Экрандағы таймер тоқтаған уақытта әңгімелесу аяқталады;<br>3. Жұбының пікірін тыңдаушы оқушы келесі жұпқа естігенін айнытпай айтуға тиіс;<br>4. Экранда таймер қосылып, жұптар қайта араласа бастайды;<br>5. Осылайша 5 минуттың ішінде 5 түрлі жұппен байланыс орнайды.</td><td></td></tr>
<tr><td>10 минут</td><td>3-тапсырма: Жеке жұмыс<br>«PRE» кестесін толтыру үшін оқушыларға мынадай тақырып ұсынылады: «Әпке атаулының бәрі бірдей ме?»<br>Оқушылар ұсынылған кестенің бірінші бағанына тақырып бойынша өздерінің пікірлерін 1 сөйлеммен жазады.<br>Екінші бағанға өз пікірін дәлелдейді.<br>Үшінші бағанға дәлелге мысал келтіреді.
<table>
<tr><td>«P» -</td><td>«R» -</td><td>«E»-</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td><td></td></tr>
<tr><td>10 минут</td><td>4-тапсырма: Ұжымдық жұмыс<br>«Жасырын кейіпкер» ойыны арқылы оқушыларды кезекпен ортаға шақырып, қолына драма кейіпкерінің есімін беру. Қалған сынып оқушылары ортада тұрған оқушыға сол кейіпкерді жасырады.</td><td></td></tr>
<tr><td>1 минут</td><td>Үйге тапсырма: Пьесада көтерілген тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерді талдап, шынайы өмірдегі осындай отбасылардың қиыншылығы мен жеңісі туралы ойтолғау жазу.</td><td></td></tr>
<tr><td>4 минут</td><td>Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі<br>Екі жұлдыз = екі ұнаған нәрсе (жұмыс туралы);<br>Бір тілек – жақсартуды қажет ететін нәрсе.</td><td></td></tr>
</table>

**Райхан Ахметқазықызы КІРШІБАЕВА,**
**Әл-Фараби атындағы №145 ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Замзагүл Асылбекқызы ДУЙСЕНГАЛИЕВА,**
**Абай атындағы ҚазҰПУ 2-курс студенті, машыққер.**
**Алматы қаласы.**

# Б. Майлин «Шұғаның белгісі» хикаяты. Шұға мен Әбдірахманның армандары



**Ақгүл Баяхметқызы РЫСҚҰЛОВА,**
**ЖББО «Білім» мектеп-гимназиясының**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Ақтөбе қаласы.**

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **«Адам жанының құпиясы» бөлімі** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты** | 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану |
| **Сабақтың мақсаты** | ***<u>Барлық оқушылар үшін:</u>***<br>Білім алушылар көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдана алады. |
| **Құндылықтарға баулу** | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Қызығушылық-ты ояту<br>7 мин. | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**(Ұ)** Оқушылар көңіл-күйлерін білу, жағымды ахуал қалыптастыру.<br>**Мақсаты:** оқушылардың көңіл-күйлерін бақылау, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.<br><br><br>**Тиімділігі:** оқушылар бір-бірінің көңіл-күйлері туралы ақпарат алмасады, өзара бауырмалдығын оятады. | | | |
| **Үй тапсырмасын тексеру** | **Ассоцация әдісі бойынша** «Мен білдім, көрдім, түсіндім» айдары арқылы үй жұмысын тексеру. Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру | Хикаяттағы барлық кейіпкерлерге жан-жақты мінездеме береді. | Дескрипторлар:<br>1. Кейіпкерлерге мінездеме береді – 5;<br>2. Кейіпкерді толық танығанын ассоцация әдісімен дәлелдейді – 5. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Тыңдалым**<br>3 минут | **«Жедел SMS» әдісі арқылы тақырыпты ашу.**<br><br>**(Ұ) «Миға шабуыл» «Жедел SMS»** әдісі арқылы ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Сыныптастарының пікірін толықтырады.<br>Өз ойымен бөліседі.<br><br>Бейнебаян көрсетіледі.<br>(Жаңа тақырыпты болжау)<br>*Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.*<br> | Сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа тақырыпты ашады.<br><br>1. Сенің арманың қандай?<br>2. Арманың бар ма?<br><br><br><br><br><br><br>Бейнеақпаратты көреді, жаңа сабақты болжайды. | **Мақсаты:** Жетекші сұрақтармен тақырыпты ашады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Мақсаты:** Еске түсіру арқылы функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | **ҚБ:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісі» хикаяты, Шұға мен Әбдірахманның армандары.<br>Бейнекөрсетілім Media Player Classic – Homecinem, Padlet платформасы |
| **Сабақтың ортасы**<br>Мағынаны ашу.<br>26 мин. | **«Жұптас – ойлан – бөліс»** әдісі.<br>**1-тапсырма.**<br>Бейнефильмнің үзіндісін сұрақтар арқылы талдайды. | 1. Үзінді қай шығармадан алынған?<br>2. Үзіндіде қандай оқиға суреттелген?<br>3. Өлең жолдары қандай сезімнен туған?<br>4. Қыз бойындағы өкінішті қалай байқадыңыз?<br>5. Екі жастың негізгі арманы қандай еді? | **Дескрипторлар:**<br>1. Шығарма желісін анықтайды – 1<br>2. Болған жағдайға өз көзқарасын білдіреді– 1<br>3. Екі жастың арманын табады – 1<br>4. Шұға мен Әбдірахманның арманына жасалған қиянатты анықтайды – 1 | Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК, Padlet платформасы<br><br><br><br>Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК, Padlet платформасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 6. Сол заманның әділетсіздігін неден көруге болады?<br>7. Қазіргі жастардың арманы қандай?<br>8. Әбдірахман мен Шұғаның арманы орындалу үшін не істер едің? | 5. Екі заманды салыстырады – 1 б<br><br>**Дескриптор:**<br>1. Кейіпкер тілегін жазады – | |
| **2-тапсырма.**<br>Берілген үзіндідегі | Шұғаның өзін «мұндық» деп есептеуіне себеп болған жағдайға өз көзқарасыңызды білдіре отырып 10 сөйлемді эссе жазады. | Не мұндық, бұл дүниеде қыздар мұндық,<br>Атадан болып мұндық неге тудық?<br>Атадан мұндық болып тумас едік,<br>Бұрынғы ата-баба жолын қудық... | 1 балл;<br>2. Кейіпкер арманын жазады – 1 балл;<br>3. Үзіндіні түсініп оқиды – 1 балл;<br>4. «Мұндық» сөзінің мағынасын ашады – 1 балл;<br>5. Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыста қолданады – 1 | |
| **Бекіту**<br>3 минут | **Бекіту тапсырмасы.** Шығарманың мазмұнына сәйкес ойларын мақал-мәтелмен түйіндейді. | Қандай мақал-мәтелдер шығарма мазмұнына сәйкес келеді деп ойлайсың? | **Дескриптор:**<br>**-** Шығарма мазмұнына байланысты мақал-мәтел жазады. | Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК, Padlet платформасы. |
| **Сабақтың соңы**<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин. | «**Венн диаграммасы**» әдісі<br><br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, білімін саралайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. | Шұғаның заманы мен қазіргі әйел адамның қоғамдағы орнын өзара салыстыр. | Мұғалім оқушыларды **«Бас бармақ»** әдісі арқылы бағалайды.<br>Жарайсың!<br>Жақсы!<br>Талпын!<br>*Сонымен қатар 1-10 балдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Тиімділігі:***<br>Тақырып бойынша оқушылардың білімін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау. «Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 балдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

**Жалпы бағалау**
Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?
1:
2:

# Мектепке оқуға баланың психологиялық даярлығын анықтау тәсілдері



**Меруерт Молдахметқызы ТЕҢІЗБАЕВА,**
**Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің**
**Педагогика және арнайы пәндер оқытушысы.**
**Жаркент қаласы,**
**Алматы облысы.**

<table>
<tr><td colspan="3">Сабақтың мақсаты:<br>1. Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке даярлаудың психологиялық даярлығын анықтау тәсілдері туралы түсінік беру.<br>1. Мектепке психологиялық даярлаудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін меңгерту.<br>1. Мектепке оқуға баланың психологиялық даярлығын анықтауда диагностикалық жұмыс жүргізу.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="2">1. Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке даярлаудың психлогиялық даярлығын анықтау тәсілдері туралы түсінік қалыптасады;<br>2. Мектепке психологиялық даярлаудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін талдайды;<br>3. Мектепке оқуға баланың психологиялық даярлығын анықтауда диагностикалық жұмыс тәсілін меңгереді.</td></tr>
<tr><td>Ойлау дағдыларының деңгейі</td><td colspan="2">Білу және түсіну, қолдану.</td></tr>
<tr><td>Құндылықтарды дарыту</td><td colspan="2">Жалпыға ортақ еңбек қоғамы</td></tr>
<tr><td>Пәнаралық байланыстар</td><td colspan="2">Педагогика, биология</td></tr>
<tr><td>Тақырып бойынша алдыңғы білім</td><td colspan="2">Мектепте оқытуға баланы психологиялық дайындау.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңдері</td><td>Жоспарланған жаттығу түрлері</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>2 мин<br>3 мин</td><td>Ұйымдастыру кезеңі<br>Сәлемдесу, жағымды көңіл-күй қалыптастыру.<br>«Сәйкестендіру» әдісі.<br>Үй тапсырмасын қайталау мақсатында кестеде берілген сөйлемдерді сәйкестендір.</td><td>Google қызметінің Jamboard қосымшасы</td></tr>
</table>

3 мин

| | |
|---|---|
| -6 жасқа дейінгі кезең | мектепке дейінгі кезең |
| Мектепке дейінгі баланың психологиялық даму ерекшеліктері | бала психикасы дамуының негізгі бағыттары |
| | жүйке жүйесінің дамуы және оның қызметі |
| | балалардың темперамент типінің ерекшелігінің мәні |
| Е. Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды: | 1 бағыт – балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру; |
| | 2 бағыт – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу; |
| | 3 бағыт – оқу әрекеттерінің алғы шарттары |
| | 4 бағыт – баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі |

**Ортасы**

5 мин

5 мин

**Ой қозғау**
Тақырыпқа сәйкес сурет көрсетіледі
Бала, оқу құралдары, парта, тақта, әліппе, санамақ
**Сұрақ:**




1. Берілген суреттер бойынша қандай ой түйдіңіздер?
2. Осы суреттер арқылы бүгінгі сабақпен қалай байланыстырар едіңіз?

**Жаңа сабақты түсіндіру. Слайд**

5 мин

Студенттердің жаңа сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында тақырыпқа қатысты дайындаған

5 мин



| | | |
|---|---|---|
| | Практикалық жұмыс<br>**1-тапсырма:**<br>Мектепке психологиялық даярлаудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері<br>**Дескриптор:**<br>Мектепке психологиялық даярлаудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін анықтайды, талдайды<br>***Бағалау критерийлері***<br>- Бала психикасының даму бағыттарын атайды<br>- Мектепке дейінгі балалардың жүйке жүйесінің дамуы және оның қызметін біледі<br>- Мектеп жасына дейінгі балалардың темперамент типінің ерекшелігінің мәні түсінеді<br>**2-тапсырма:**<br>Мектепке оқуға баланың психологиялық даярлаудың құрылымы<br>**Дескриптор:**<br>Мектепке оқуға баланың психологиялық даярлаудың құрылымы бойынша жұмыс жасайды<br>***Бағалау критерийлері***<br>- Мектепте оқуға баланың психологиялық даярлау құрылымын меңгереді.<br>- Таңдалған құрылымдар бойынша талдау жасайды.<br>***«WorldSkills» ұлттық чемпионатының стандарттарына сәйкес модульдік тапсырмалар орындауда студенттердің кәсіби құзыреттілік, шеберлік дағдыларын жетілдіру***<br>***Модуль С. Ата-аналармен жұмыс түрлері***<br>***Тапсырма:***<br>- *Мақсаты мен міндетін анықтау*<br>- *Сауалнаманы таңдау , құрылымын анықтау*<br>- *Сауалнаманы жүргізу барысын әзірлеу*<br>*Сауалнаманы өңдеу барысында мүмкін болатын нәтижелерді ұсыну*<br>**Дескриптор:**<br>- Баланың мектепте оқуға дайындығын анықтаудағы ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың түрлерін біледі<br>- Тақырыптық сауалнама сұрақтарын құрастыруды біледі, ата-аналармен сауалнама жүргізу тәсілін меңгереді<br>Сауалнаманың мақсат міндеттерін анықтайды;<br>- Материалдарды іріктеу талаптарын біледі;<br>- Мектепке дейінгі балаларды әлеуметтендіру процесінің мәні мен мазмұнынын біледі;<br>- Сауалнама өткізу әдістемесін анықтай алады;<br>- Сауалнаманы өңдеу тәсілдерін меңгереді;<br>- Ата-аналармен ұйымдастырушылық және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру ерекшеліктерін біледі.<br>**Модуль Д**<br>Мектепке оқуға баланы психологиялық даярлығын анықтау. | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 мин | Тапсырма: Диагностикалық жұмыс;<br>Керн Йиерасектің «Балалардың мектепке даярлығын анықтау тесті».<br>1. Ер адамның суретін салу әдістемесін жүргізу;<br>2. Берілген нұсқа бойынша жазба жұмысын жасау;<br>3. Нүктелерді үлгі бойынша орналастыру әдісін көрсету ;<br>4. Диагностикалық жұмысқа интерпретация жасауда мүмкін болатын нәтижелерді өңдеу.<br>**Дескриптор:**<br>- Мектепке оқуға баланың психологиялық даярлығын анықтаудағы жүргізілетін диагностикалық жұмыс жүргізуді біледі.<br>***Бағалау критерийлері***<br>- Жасына сәйкес келетін зерттеу жұмыстарының интеграцияланған тәсілдерін қолданылуы.<br>- Зерттеу нәтижелерінің практикалық теориялық, психологиялық педагогикалық маңыздылығын біледі.<br>- Диагностикалық жұмысты ұйымдастыру және өткізу тәсілін, мазмұныны біледі.<br>- Диагностикалық жұмыстың әр тапсырмасының орындалу кезеңінің нәтижелерін өңдей алады.<br>- Диагностикалық жұмыстың нәтижесін анықтап сипаттай алады<br>Сонымен балаларды мектепке психологиялық даярлау бағыттарын тәжірибеде жүзеге асыратындар ата-аналар, тәрбиешілер, педагогтар, мектеп және балабақша психологтері. | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>5 мин | **Талдау жинақтау және бағалау**<br>**Сабақты қорытындылау:**<br>Жамборд тақтасы арқылы кері байланыс беру<br>Бүгінгі сабақта мен не білдім...<br>Бүгін маған қызықты болған тапсырмалар...<br>Бүгінгі сабақтан алған әсерім...<br>Сабақта не түсініксіз болды...<br>**Үйге тапсырма**<br>**«Платонус» платформасында үй тапсырмасын орындау** | |

# Электр тогы, электр тогы көздері

| | |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 8.4.2.1- электр тогы ұғымын және электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіру. |
| Сабақ мақсаттары | Электр тогы, ток көзі, ЭҚК –і туралы білу |
| | Электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіру |
| | ЭҚК формуласын қолданып есептер шығару |

| | | |
|---|---|---|
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Білу, түсіну, қолдану. | |
| Бағалау критерийі | ✓ Электр тогы, ток көзі, ЭҚК-і туралы біледі.<br>✓ Электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіреді.<br>✓ ЭҚК формуласын қолданып есептер шығара алады. | |
| Тілдік мақсаттар | Пәндік лексика және терминология:<br>Тұрақты ток, электр тогы, ток көзі, ЭҚК, ішкі кедергі, өткізгіштер, диэлектриктер<br>Диалог үшін қажетті тіркестер:<br>Электр тогы – зарядталған бөлшектердің реттелген қозғалысы.<br>Ток көзі - қандай да бір энергия түрін электр энергиясына түрлендіретін құрылғылар.<br>Электр қозғаушы күш – тұйық тізбекте бірлік оң зарядтың орын ауыстыруы барысында бөгде күштер жасаған жұмыс | |
| Құндылықтарға баулу | Зайырлы қоғамда оқушыларды ізденіс арқылы өмір бойы білім алуға ынталандыру | |
| Пән аралық байланыс | Есептер шығаруда математика пәнімен байланысады | |
| Бастапқы білім | Электр өрісі, электр заряды ұғымдары | |
| Жоспар | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| Сабақтың басы | I.Ұйымдастыру кезеңі;<br>1. Сәлемдесу, сыныпты түгелдеу, сыныптың тазалығына көңіл бөлу.<br>2. Топқа біріктіру «Пазлдар» әдісі арқылы топтарға біріктіремін.<br>II. «Сұрақты тап» әдісі. Үй тапсырмасын сұраймын.<br>Тапсырма№1<br>1. Дененің заттарды өзіне тарту қасиеті (электрлену)<br>2. Электр тогын өткізбейтін зат (диэлектриктер)<br>3. Екі нүктелік зарядтардың өзара әсер күшін есептейтін заң (Кулон заңы)<br>4. Зарядталған еркін бөлшектер бар (диэлектриктер)<br>5. Электрленген денелерде пайда болатын өріс<br>Дескриптор:<br>· Электрлену құбылысын біледі.<br>· Өткізгіштер мен диэлектриктерді ажырата алады.<br>· Зарядтардың өзара әсер күшін есептейтін формуланы біледі.<br>· Электр өрісі түсіндіре алады.<br>Бағалау: Смайликтер арқылы оқушыны ынталандырып, бағалаймын. | Түрлі-түсті фигура қиынды-лары<br><br>Смайликтер |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу, түсіну | III. Жаңа сабақ<br>Электр өрісіндегі зарядталған бөлшектерге электр күштері әсер етеді. Зарядталмаған бөлшектердің реттелген қозғалысы электр тогы деп аталады. Электр тогының бағытына шартты түрде өткізгіштегі оң зарядтың бағытына алынады.<br>Қандай да бір энергия түрін электр энергиясына түрлендіретін құрылғыларды ток көздері деп атайды. Электр тогы пайда болуы үшін мына шарттардың орындалуы жеткілікті:<br>1. Ортада зарядталған еркін бөлшектердің болуы.<br>Тұйық тізбекте бірлік оң зарядтың орын ауыстыруы барысында үштер жасаған жұмыс электр қозғаушы күш (ЭҚК) деп<br>$\mathcal{E} = \frac{A_б}{q_0}$ ы. | Видеокөрсе-тілім |
| Білу, түсіну | Күн батареяларында механикалық энергия электр энергиясына айналады.<br>Бөгде күштің есебінен ток көзінде ішкі энергия жинақталады.<br>Дескриптор:<br>· Электр тогы туралы біледі.<br>· Ток көзі, ток көзінің түрлерін біліп, ажырата алады.<br>· Электр қозғаушы күштің тұжырымдамасын, формуласын біледі.<br><br><br>IV. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі. Берілген сұрақтар бойынша өз ойларын флипчартқа түсіріп, сыныпқа таныстырады.<br>№1 топ: Электр тогы, электр тогының пайда шарттарын түсіндіру.<br>№2 топ: Ток көзі, оның түрлері және токтың әсерлері.<br>№3 топ: Электр тогының қасиеттеріне сипаттама беріп, ажыратып, түсіндіру.<br>№4 топ: Электр қозғаушы күш тұжырымдамасын, формуласын түсіндіру. | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>ескриптор:<br>· Электр тогы, электр тогының пайда болу шарттарын айта алады.<br>· Ток көздері, ток көздерінің түрлеріне сипаттама беріп және ток көзінің адам өміріне әсерін айта алады.<br>· Электр тогының қасиеттеріне сипаттама беріп, түсіндіре алады.<br>· Электр қозғаушы күш тұжырымдамасын айтып, формуласын түсіндіре алады.<br>«Бағдаршам» әдісі арқылы оқушыларды бағалаймын<br>V. «Есептер әлемі». Жұптық жұмыс.<br>Тапсырма №3<br>1. Ток көзінің электр қозғаушы күші 4,5 В болса, 1,5 Кл зарядтың орнын:<br>- ауыстыру үшін бөгде күштер;<br>- жасайтын жұмысты табыңдар.</td>
<td>Флипчарт, тапсырма-лар</td>
</tr>
<tr>
<td>Білу, түсіну, қолдану</td>
<td>1. 2,5 Кл зарядтың орын ауыстыруы үшін бөгде күштер жасайтын жұмысы 15кДж болса ток көзінің электр қозғаушы күші неге тең?<br>2. Ток көзінің ЭҚК-і 250Дж-ға тең, заряды 20нКл зарядты бөлгенде бөгде күштердің жасаған жұмысы неге тең?<br>3. Ток көзі ішінде 10Кл зарядты бір полюсінен екінші полюсіне тасымалдау үшін бөгде күштер 30Дж жұмыс атқарады. Ток көзінің ЭҚК-і неге тең?<br>Дескриптор:<br>· Есептің берілгенін түсініп, шартын түзе алады.<br>· ЭҚК-ті табу формуласын және формуланы түрлендіруді біледі.<br>· Математикалық есептеулер жүргізеді.<br>· Өлшем бірліктерді түрлендіре алады.<br>«Бас бармақ» тәсілі арқылы бағалаймын</td>
<td><br>Есептер жазылған кеспе қағаздар<br><br></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br><br>Үйге тапсырма</td>
<td>Кері байланыс. «БББ» кестесі<br>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін төмендегі кестеге түсіреді.<br><table><tr><td>Білдім</td><td>Білемін</td><td>Білгім келеді</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table><br>Электр тогы ұғымын және электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіру</td>
<td>Кесте</td>
</tr>
</table>

**Таншолпан Хасанқызы ХАМИДУЛЛИНА,**
**№4 ЖОББМ физика пәні мұғалімі.**
**Ақсай қаласы,**
**Батыс Қазақстан облысы.**

# Қазақтың дастарқаны. Мақсат үстеулері



**Нургуль Борибаевна БЕКМУРЗАЕВА,**
**№89 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Нұр-Сұлтан қаласы.**

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология. | **Пәні:** қазақ тілі |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 6.1.2.1. Әлеуметтік мәдени, ресми тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі құттықтау, интервью көтерілген мәселені талдау;<br>6.4.4.3. Үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану. |
| **Сабақ мақсаттары** | - Тақырыпқа сәйкес берілген мәтіндердегі көтерілген мәселені анықтайды, талдайды;<br>- Сөйлемдерді құрастырғанда үстеулердің мағыналық топтарын қолданады, бөлім бойынша тапсырмаларды орындап, өз ойларын еркін жеткізеді. |

**Жоспар:**

| Сабақ барысы *(уақыт)* | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>*2 минут*<br><br>*2 минут*<br><br>**Бейнежазба –**<br>*1 минут*<br>«Ой шақыру» әдісі – *2 минут* | **І. Ұйымдастыру кезеңі.** Сәлемдесу, сабаққа дайындық.<br><br>**Психологиялық ахуал туғызу.** «Жылы лебіздер»  <br> **Қызығушылықты ояту.**<br>**І. ОҚЫЛЫМ АЛДЫ.**<br>**«Ой шақыру» әдісі.**<br>Қазақ халқының қонақжайлылығы, ұлттық тағамдары туралы бейнежазба тамашалайды.<br><br>(Сабақтың бөлімі, тақырыбы, мақсаты)<br>**Топтарға бөлу** | **Оқушылар жағымды психологиялық ахуал жүргізеді.**<br>Тақтада өткен тақырыптарға байланысты суреттер тұрады, соған байланыстырып лебіздерін айтады.<br>Мысалы: Жеті ата<br>Жеті атасын білген ер жеті ұрпақтың қамын жер демекші ел қамын ойлайтын азамат болайық! т.б.<br><br>**Бейнежазбаны көріп, аудиосын тыңдайды.**<br>Қазақ халқының қонақжайлылығы, ұлттық тағамдары туралы бейнежазба тамашалайды. |   | **АКТ**<br>*(Слайд №1)*<br><br>**Суреттер**<br>*(Слайд №2)*<br><br>**АКТ** **https://youtu.be/YMjsuz1IExA** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>Оқушылар бейне-<br>жазба арқылы бүгінгі<br>тақырыпты анықтайды.<br>1-топ: «Бауырсақ»;<br>2-топ: «Қымыз»;<br>3-топ: «Ет».</td>
<td><br><br></td>
<td>Бейне-<br>жазба<br>«Қазақ<br>халқының<br>ұлттық та-<br>ғамдары»<br>(Слайд №3, 4, 5, 6, 7)</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>6 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жеке жұмыс<br>3 минут</td>
<td>1-бөлім: «Тапсырмалар әлеміне жол ашайық»<br>1-тапсырма. «Дәм тат-тыру».<br>«Бауырсақ» тобына: «Келісемін/ келіспеймін» әдісі.<br>1Берілген сөйлемді мәтіндегі ақпаратпен байланыстырып, ар-гументпен дәлелдеңіз. Үстеулерді қолдану.<br><u>Тек таныстар емес, кез келген жолаушыға, бейтаныс кісіге де дәм татқызбай жібермеу керек.</u><br>«Қымыз» тобына. Фрайер моделі» әдісі.<br>Мәтіннің ішіндегі түйінді бір сөйлемді алып, бүгінгі күнмен байланыстырады. Үстеулерді қолдану.<br>Ұлт ұғымында дәмде, аста, тамақта кие, қадір-қасиет, ырыс-береке, тірлік бар деген терең түсінік тым ертеден-ақ қалыптасқан.<br>«Ет» тобына: Жағдаяттық көрініс.<br>Үйде үлкендер жоқта аяқ асты-нан қонақтар келді. Қонақтарды қалай қарсы алар едіңдер? Диалог барысында үстеулерді қолдану керек.<br>2-тапсырма: Ашық тест.</td>
<td>Топтық жұмыс:<br>Оқылым мәтінін түсініп оқып, дескрипторға сүйене отырып, берілген тапсырманы орындау.<br>Дескриптор:
<table>
<tr><td>1</td><td>Мәтіндегі ақпаратпен байланыстырады</td><td>1</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Аргументпен дәлелдейді</td><td>1</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Үстеулерді қолданады</td><td>1</td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>- Түйінді сөйлемді таба-ды – 1.<br>- Бүгінгі күнмен байла-ныстырады – 1.<br>- Үстеулерді қолданады – 1.<br><br>Дескриптор:<br>Көрініс дайындайды – 1.<br>Жағдаяттан шығады – 1.<br>Үстеулерді қолданады – 1.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Оқушылар жеке-лей кестеде берілген тапсырмалардың «Иә немесе ЖОҚ» екенін анықтайды. Себебін түсіндіреді.<br>Әр дұрыс жауап - 1 балл<br>Макс балл – 5</td>
<td>ҚБ. Деск-рипторға сәйкес, балдық жүйемен түстер (жетон-дар) арқы-лы бағалау Макс балл – 3.<br><br><br>Деск-рипторға сәйкес балдық жүйемен</td>
<td>Оқулық<br><br><br>«Арман ПВ» баспа-сы, 2018, 147-148 бет<br><br>(Слайд 8, 9, 10)<br><br>АКТ<br>(Кестені толтыру)<br><br>(Слайд №11, 12)</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Тілдік бағдар**<br>*2 минут*<br><br>**Сергіту сәті** | <br>**Тілдік бағдар.**<br>Мақсат үстеуі – қимылдың, іс-әрекеттің мақсатын, не үшін істелгенін білдіреді.<br>**Сұрақтары:** Қалай? Не мақсатпен?<br>**Мақсат үстеулері:** Әдейі, жорта, әдейілеп, қасақана<br>**Мысалы:** Осы ғаламтор жүйесін <u>**әдейі**</u> таңдады.<br>Арман <u>**қасақана**</u> сабаққа келмеді. | Ережені түсініп, мысалдар келтіру.<br><br>Оқушылардың бәрі қосылып «Қазақтың дастарханы» әнін орындау.<br><br>Оқылым мәтініндегі негізгі ойды білдіретін сөйлем мен мақал-мәтелдерді тауып, мағынасын ашып, талдау | **ҚБ.** Жетондар арқылы бағалау. Макс балл – 3. | **АКТ**<br>*(Слайд №13)*<br><br>*(Слайд №14)*<br>https://youtu.be/KOe7KZOYmBs |
| *2 минут*<br><br>**Талдау**<br>*6 минут*<br><br>**Постер**<br>*6 минут*<br><br>**Эссе**<br>*5 минут* | <u>**Әдейілеп**</u> «Қазақтың дастарқаны» әнін қатты қойдым.<br>**Сергіту сәті: Караокемен қосылып, «Қазақтың дастарқаны» әнін айтамыз.**<br><br>**4-тапсырма. «Постер қорғау» әдісі.**<br>**1-топ: «Бауырсақ» -** «Қазақтың ұлттық тағамдары».<br>**2-топ: «Қымыз» -** Қазақ халқының салт-дәстүрлері».<br>**3-топ: «Ет»** – «Қазақ халқында тойланатын мереке».<br>**«3 минуттық эссе» әдісі.**<br>**Тақырыбы:** «Қазақтың дастарханы» | **Дескриптор:**<br>- Оқылым мәтінін негізге алады – 1.<br>- Мағынасын ашып, үстеуді таба алады – 1.<br>- Талдаулар жасайды – 1.<br><br>А3 форматқа постер қорғайды.<br>**Дескриптор:**<br>- Берілген тақырып бойынша буклеттерден, оқулықтан ізденеді – 1.<br>- Топтарда талқыға салады – 1.<br>- Тақырыпты ашып, өз ойларын еркін постер арқылы жеткізеді – 1.<br><br>**Дескриптор:**<br>- Шағын эссені тақырыбы мен мазмұнына сай жаза алады – 1.<br>- Тақырыпқа сай тұжырым жасайды – 1.<br>- Үстеу түрлерін ескереді – 1<br>«Автор орындығы» әдісі арқылы жазған эссесін оқу) | <br>**ҚБ.** Тапсырма толық аяқталған соң, жауаптары тыңдалынады.<br>**Мұғалім:** Өте жақсы! Жарайсыңдар! Рақмет!<br><br>**ҚБ.** Жетондар<br> | *(Слайд №15, 16)*<br><br>**Тақтамен жұмыс**<br><br>**Постер қорғау**<br>*(Слайд №17, 18)*<br><br>**АКТ**<br>*(Слайд №19)* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** *5 минут* | «Бауырсақ» тобы - позитивті пікір: не ұнады?<br>«Қымыз» тобы – сындарлы сын: Әлі нені білуім керек?<br>«Ет» тобы – келешекке арналған пікір: Маған ұнады, бірақ келесі | Оқушы пікірін тыңдау | **АКТ** *(Слайд №20)* |
| **Үйге тапсырма. Бағалау** *2 минут* | **Рефлексия**<br>**Үйге тапсырма.** 5-тапсырма. Дастарханға берілетін бата түрлерін жазып, жаттап алыңдар.<br>Оқушыларды, топты бағалап, мадақтау. | | *(Слайд №21, 22)* |

# Түрлі-түсті моншақтар



**Айдана ТУЛЕКЕНОВА,**
**«Балдәурен» балабақшасының тәрбиешісі.**
**Балпық би ауылы, Көксу ауданы, Алматы облысы.**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Оқу қызметі:** Сурет салу.



**Мақсаты**: Бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, саусақ арқылы моншақтардың суретін салуға үйрету. Түрлі-түсті жіпке түрлі-түсті резенкелерді өткізуге үйрету. Мозайка тастарынан моншақтың мүсінін жасау.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Моншақтың суреті.

**Сөздік жұмыс:** моншақтар, жіптер, мозайка.

**Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап түсіндіру, көрсету ойын.

І. Ұйымдастыру кезеңі:

**Шаттық шеңбері**:

- Сәлем саған, Алтын күн!
- Сәлем саған, Көк аспан!
- Сәлем саған, Жер Ана!

Сәлеметсіздер ме, қонақтар.

- Мына суретте нені көріп тұрсыңдар?
- Моншақты.
- Бұл моншақты не үшін қолданады деп ойлайсыңдар?
- Сәндік үшін.

- Моншақтар неден жасалады?

*(Балалардың жауабы).*



**ІІ. Негізгі кезең:**

Педагог балаларға сурет көр-

сетіп, суреттен не көріп тұрғандарын сұрайды.

- Саусақтарыңды қызыл бояуға малу керек. Суреттегі жіптің үстіне қызыл түсті моншақты бастырып саласыңдар.

- Түрлі түсті жіпке, түрлі түсті резенкелерді өткізулерің керек.

- Мозайка тастарынан моншақтың бейнесін жасап шығуларың керек.

Осылайша балаларды үш топқа бөліп тапсырмаларды орындап шығады.

Сөздік жұмыс: моншақ, қуыршақ, жіптер, мозайка.





Педагог бүгін сурет салу тәсілін ақ қағаз бетіне дайын моншақтың бейнесін бояуды үйрету. Алдымен Педагог өзі көрсетеді сонан соң балалармен жеке жұмыс жүргізу.

Педагог балаларды орындарына отырғызып жұмысты бастайды.

**Сергіту сәті:**

Айналаға қарайық,
Отырайық тұрайық,
Біз тынығып алайық.
Тынығып біз болған соң
Әсем сурет салайық.

Тапсырманы мұқият орындайды. Педагог балалармен жеке жұмыс жасайды. Жұмыс барысында балалардың ұқыпты жұмыс жасауын қадағалайды. Міне, әдемі моншақтар тізбегі дайын болды. Үш топтың балалары да тапсырманы мұқият орындап шықты.

**«Моншақтарды қобдишаға жинау?» қимылды ойын.**

Шарты: балалар моншақтарды алып қобдишаға салып жинаулары керек.

**ІІІ. Қорытындылау**

Педагог сабақты қорытындылап, мадақтады.

# Түрлі-түсті жапырақтар

**Білім беру саласы:** Таным.

**Ұйымдастырылған оқу-қызметі:** Құрастыру.

**Мақсаты:** Күзгі жапырақтардың түсін ажыратуды үйрету.

**Білімділік мақсаты:** Балаларды қағазбен жұмыс жасауды дағдыландыру;

**Дамытушылық мақсаты:** күз көрінісін қағаз бетіне дұрыс құрастыра орналастыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту;

**Тәрбиелік мақсаты:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Қажетті құрал жабдықтар:** түрлі-түсті жіңішке үш бұрышты қағаздар және үлгі көрнекіліктер, күз мезгілінің суреті.

**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

**Сөздік жұмыс**: күзгі жапырақтар, қызыл, сары.

**Билингвиальды компонент:** күзгі жапырақтар – осенние листья, сары – желтый, қызыл –красный.



**Кіріспе бөлім:**

**Жылулық шеңбері:**

Амансың ба, алтын күн!

Амансың ба, көк аспан!

Амансың ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

- Айтыңдаршы, балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Күзде қандай өзгерістер болады?

- Ауа-райы жылы ма, әлде салқын ба?

- Құстар қайда кетеді?

**Тосын сый: -** Балалар, қараңдаршы, мен бір себет тауып алдым.

- Оның ішінде не бар екенін көрейікші қанекей. Жапырақтарды бір-бірлеп алып шығып әрқайсысының түсін, пішінін айтып ажыратады.

- Жапырақтардың пішіні қандай?

- Қандай геометриялық пішінге ұқсайды?

Жапыраққа түсінік беру.

**Сергіту сәті**

Тербеледі ағаштар, алдымнан жел еседі,

Кіп-кішкентай ағаштар үлкен болып өседі.

Келесіде үлгіні көрсетіп, талдау жасау: жапырақтардың түстерін атайды.

- Балалар, енді осындай жапырақтар жасағыларың келе ме?

**Негізгі бөлім:**

- Ал, балалар, ондай болса, мен сендерге бірінші жасау жолын түсіндіріп, көрсетейін.

Ол үшін мына үлгідегідей жапырақтарды жасауға арналған түрлі-түсті үшбұрыш қағаздарды әр балаға таратып берейін. Енді қараңдар, үшбұрыш қағаздарды алдыдағы үлгіге қарап қағаз бетіне құрастырып, дұрыс орналастырамыз.

Балалардың алдына үлгі таратылып беріледі және үлгідегідей ағаш суреті таратылып беріледі.

Балалар үшбұрышты кішкене қағаздарды ағашқа қойып, оны құрастырады. Күзде жапырақтар көп түсетіндіктен жерде де жапырақтар жатқанын, ағаш түбіне де жапырақтарды құрастыра орналастыруға бағыт береді.

**Ойын «түсіне қарай орнын тап»**

Шарты: әр бала жапырақты алып оның түсін ажыратып орнына орналастырады.

**Қорытынды бөлім:**

Күзгі жапырақтардың әдемі көрінісін атап өту сұрақ-жауап, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Күзгі жапырақтардың түсін және қағаз бетіне дұрыс құрастыра орналастыруды;

**Игереді:** қызыл, сары, түрлі-түсті жапырақтар туралы ұғымдарды және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды;

**Меңгереді:** кеңістікте әдемі көрініс беру үшін дұрыс орналастыра алуды, түстерді ажыратуға жаттықтыру, ұқыпты жасауын қадағалау.

**Назигүл РЫСБЕКОВА,**
**«Балдәурен» балабақшасының**
**тәрбиешісі.**
**Балпық би ауылы,**
**Көксу ауданы,**
**Алматы облысы.**